

П И О Н Е Р



АВГУСТ

1954 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 8



ТЫҢ ЖЕРДЕ.

Жаңадан ұйымдастырылған «Булаев» совхозындағы (Солтүстік Қазақстан облысы) үй құрылысы.

Суретті түсірген П. Редько.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 8

АВГУСТ

1954 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 16 жыл.

Лагерь туы астында

БІЗДЕГІ ТӘРТІП ОСЫНДАЙ

- Таня,— деді Лиля қасында жатқан Таняға қарап, сенің ұйқың келе ме?
- Жоқ. Сенің ше?
- Менің де.
- Түскі демалуды ұйқысыз-ақ өткізуге болмай ма осы,— дегенде Таня, шатырдағы бірнеше қыз оны қостай жөнелді.
- Әрине, болады.
- Былтыр да лагерьде демалып едік, бірақ «жатындар, ұйықтандар, тынығындар» дегенді естіген емеспіз,— деді шеткері жатқан ақсары қыз. Шатыр іші шуға толды. Осы кезде Таня мен Лиля орындарынан тұрып сыртқа шығып кетті.
- Шатырдағы пионерлердің бір қатары өзара қызу әңгімеге кіріссе, бір тобы әдеби кітап оқуда. Әйтеуір ұйықтаған ешкім болған жоқ. Тіпті кейбіреулер ыңылдап өлең айта бастады.
- Лиля мен Таня лагерьдің шығыс жағындағы кішкене өзен бойында отырған-ды.
- Бұл кезде лагерьдегі пионерлер алаңға жыйналып үздік-создық сапқа тұра бастаған еді. Кешігіп қалғандардың біразы шатырлардан, ал енді біреулері үлкен бақтың түкпір-түкпірлерінен жайлап басып, асықпай келеді. Өз отрядтары бойынша сапқа тұрып жатқан пионердің қыймылы жай, сылбыр.
- Әр істің өз мезгілі бар. Сол мезгіл шартын сақтамаса іс өнбейді. Лагерь тәртібі де осыны талап етеді. Сендер белгіленген уақытта күнделікті тәртіпті сақтауларың керек. Әйтпесе жөндеп демала алмайсындар,—

деді лагерь бастығы Любовь Петровна сапта тұрған пионерлерге.— Біздегі тәртіп осылай...

Бұл сөз балаларға ой салды... Өйткені лагерь қызығы әр алуан да, көп те. Әрбір күннің өз алдына жаңалығы бар. Оны әр пионер қызықты өткізуге тырысады. Әне, қалың бақтың арасына отырып алып қыздар да

КІТАП ОҚУҒА КІРІСТІ

Пионер бөлмесінен шыққан Алочка Белоусова көлеңкелі жерде шахмат ойнап отырған қыздарға барып қосылды. Алочканың қарамен ойнап отырған қызға көзі түсті. «Тамаша, шебер ойнайды екен,»— деді ішінен әлгі қыздың құрған комбинацияларына сүйсінген ол. Алочка шахмат қызығына берілген кезде оған өзінің құрбылары Нина мен Таня келді.

— Сен шахматқа құнығып алыпсың ғой, мана кітап оқуға келіскеніміз қайда? — деп Таня оны кінәлай сөйледі.

— Ие, біз сені іздеп жүрміз,— деп Нина да Таняны қостап қойды.

— Ой қыздар, маған ренжи көрмендер, мен тіпті қызығып кеттім. Қараңдаршы Валя шахматты қалай шебер ойнайды, ә? — деді Алочка былай шыға бере.

— Е, ол тандаулы шахматшы. Мектепте қыздар шахмат командасын басқарады. Әлі, асықпа, алдағы болатын жарыстарда оның қалай ойнайтынын көресің. Ол басқарған команда лагерь бойынша бірінші орынды алады,— деп Таня мен Нина сеніммен сөйледі.

— Қәне жүріңдер енді,— деп Алочка екі құрбысының қолтығынан алды да, бақтың саялы жеріне қарай кетті. Қыздар көгалға жайласып отырған соң, Е. Кошеваяның «Ұлым туралы әңгіме» деген повестін оқуға кірісті. Отап соғысы кезіндегі жас гвардияшыл краснодондықтардың ерлік істері жайында жазылған шынайы шындық қыздарға қатты әсер етті.

Таня манадан бері үнсіз отыр еді.

— Сен неге үндемейсің?

— Мен бір ойда отырмын. Егер Олег тірі болса, неше жаста болар еді?— деді Таня.

— Ол ма — ол тірі болса...— дей берген Нинаның сөзін бөліп:

— Олег тірі болса, еліміздің атакты бір инженері, не конструкторы я болмаса архитекторы болып жүрген болар еді,— деді Алочка.

— Ие ол ұлы Отанымызға көп пайда келтірер еді,— деп сөз аяғын түйді Нина. Тағы біраз кітап жайында пікір алысқан қыздар келесіде А. Гайдардың «Тимур және оның командасы» деген кітабын оқуға келісті де, орындарынан тұрып спорт алаңына қарай беттеді. Ол кезде онда

ОЙЫН ҚЫЗА ТҮСКЕН ЕДІ

— Оң канатқа! Сол канатқа! Қолдан-қолға өткен қара доп аспандай ұшып әсте

жерге түсер емес. Бүгінгі кездескен екі команданың екеуі де бар ынтасын салып ойнауда.

Ойын қызу жүріп жатқан кезде де 1 отряд волейбол командасының капитаны - Витя Масалов әрбір ойыншының өз орнында болып, келген допты шебер алып бір-біріне дұрыс бере білуін қадағалап отырды. Кейде допты асығыс алған ойыншыға Витя алара бір қарайды. Сол қарастан ойыншы қандай қателік жібергендігін тез ұғынды, оны енді қайталамасқа тырысады.

— Лагерьдегі ең күшті команданың бірі. Ойынды тәртіпті, ұйымшылдықпен өткізеді,— дейді лагерь бастығы Лазерева 1 отряд волейболшылары жөнінде. Лагерьге келген күннің ертеңіне-ақ волейбол алаңын жасауға, команда құрамын іріктеуге Витя белсене кіріскен-ді. Сонан бері үзбей жаттығулар жасап басқа отряд командаларымен жолдас-тық кездесулер өткізіп отырды.

Тіпті жақында көрші лагерьдің спортшыларымен кездесуде оларды 16:10 есебімен ұтып шыққан-ды. Ал енді бүгінгі отряд аралық бірінші орынға таласу жарысында Витя бастаған команда тағы да жеңіске ие болды. Олар Жексенбай Ауғанбаев басқарған IV отряд волейбол командасын 13:8 есебімен ұтып шығып, лагерь бойынша бірінші орынға шықты.

Бұл кезде мұндай жарыстар жүгіруден, биіктікке қарғудан, ұзындыққа секіруден басқа отряд арасында да өтіп жатты.

Алатаудың етегіне орналасқан лагерьдің бұл қызықты көріністерінің бірі ғана. Мұнда

КӨРКЕМӨНЕР ҮЙІРМЕСІ ДЕ БАР

Пионер бөлмесіне жыйналған бір топ пионер аккордеон сазымен әнді ырғалта созады. Лагерьдегі көркемөнершілер үйірмесінің кезекті жаттығуы жүріп жатыр. Бүгін үйірме мүшелері жаңа ән үйренуде. Міне, Таня Федорова әннің алғашқы



Алматының ауыр машина жасау заводы пионер лагеріндегі пионерлер Күнгеі Алатауға жорыққа шықты.
Суретті түсірген П. Редько.



шумағын айта бастағанда оған басқалары қосыла жөнеледі. Аккордеон үнімен жас пионерлердің үні бірден-бірге еркін ұласып лагерь үстін шарлап жатты. Жұқында үйірме мүшелерінің өз талабы бойынша Әуе Флоты мерекесі күнінің құрметіне арнап үлкен концерт беруге ұйғарғанды.

— Лагерімізде өнерпаздар көп. Олар өткенде лагерь пионерлеріне үлкен концерт қойып берді, — дейді мақтанышпен аға пионер вожатыйы. Шындығында үйірме мүшелерінің ішінде Юра Краев, Нина Чепурнова сыяқты бишілер, Таня, Алочка сыяқты әншілер де бар. Олардың өнерлері лагерь пионерлерін үнемі сүйсіндіріп отырады. Лагерьде демалатын пионерлер үшін барлық мүмкіндіктер жасалған. Олардың әрбір күні қызықты өтеді. Мұнда тек қана бір үйірме емес, бірнеше үйірмелер жұмыс істейді. Лагерь пионерлері ұйымдасқан түрде Алатаудың әсем көрінісін көруге саяқатқа шықты. Онда алуан түрлі жаналықтармен танысты.

ЭККУРСИЯҒА БАРДЫҚ

— Өткен аптада біз, Алматы зоопаркіне экскурсияға бардық, — деп бастады, сөзін аға пионер вожатыйы Людмила Павловна.

Виктор мен Алик жақындай бергенде аюдың баласы тұмсығын жыйырып, неге айғайлайсындар дегендей алара қарап үн шығарды.

— Қарай гөр, мұның әліне қарамай ашулысын, — десті балалар күліп.

Осы кезде тордағы аюдың қасына оның тәрбиешісі П. С. Орехова келді.

Пионерлердің сұрауы бойынша ол кісі кішкене аю жайында әңгіме айтты.

Мұның аты — «Таймыр», осы жылы бір жасқа толады. Таймырдың анасы ана тордағы тұрған, — деп Орехова бір орында шыр айналып тұрған ақ аюды нұсқады.

— Таймырды неге анасынан бөлек айырдыңыздар, — деді Таня, бұл әлі жас қой дегендей, мұрнын шүйіріп аспанға қарап тұрған аю баласын мүсіркеп:

— Оның да мәні бар. Себебі анасы өте ашулы, катал, балаларының еркелеуін көтере алмайды. Сондықтан Таймырдың серігін анасы өзі өлтіріп тастады. Солтүстік аюларының мінезі дөрекі, ашулы келетіні белгілі емес пе? Сүйтіп Таймырды да өлтіріп тастамас үшін бөлек асырадық. Қазір бұл анасын ойламайды да.

— Міне, крокодил. Бұрын сен мұны көр-



Пионер лагеріндегі шахмат турнирі.
Суретті түсірген П. Редько.

генің бар ма? — деді Павлик Рябич жанындағы досы нарынқолдық Нұрмаш Қожабергеновке.


— Бұл крокодилді быйыл зоопаркке Қытайдан әкелді. Оның туған жері Қытайдың оңтүстік-шығыс жағы. Экскурсияға келген пионерлерді аңдармен таныстырып жүрген зоопарқтың ғылыми қызметкері К. П. Ушаков пионерлерге крокодил жайында көптеген әңгіме айтты.

Эккурсиядан лагерь пионерлері өте көңілді қайтты. Пионер лагерінде демалушылар саяқат, экскурсияға жиі шығып тұрады. Лагерьдің іс жоспары бойынша олар Орталық музейге, Алматы ауыр машина жасау заводына экскурсияға барды.

Міне, бұл лагерьде осындай алуан түрлі қызықтар бар. Жас бүлдіршіндер таза ауада көңілді демала жүріп еңбекке, өнерге, шеберлікке үйренеді. Лагерь жазы қызыққа толы.

А. Қазыбаев,

Жетіжылдық мектеп қызметкерлерінің Орталық кәсіподағы жанындағы пионер лагері.



Бүкілодақтық Ауылшаруашылық көрмесінің үлкен қақпасы

ҚАЗАҚ ПАВИЛЬОНЫ

Бүкілодақтық Ауылшаруашылық көрмесі Москваның батыс жақ шетін алып жатыр. Мол алаңның ортасын қақ жарып, көрменің төріне қарай созылған әсем ағашты аллеяның екі жағын бойлай туысқан халықтардың павильондары орналасқан. Көрменің кіреберіс бетіндегі РСФСР павильонының алдынан құлпырған аллеяның екі жақ бетіне көз жіберсең, туысқан халықтардың ұлт павильондары есіңе кең жайлаудың төскейіне жарасымды тігілген туысқан адамдардың отау үйлерін түсіреді. Фонтанды аллеяның бойымен көрменің төріне қарай өрлесең, оң жақтан колоннасы саусақтың саласындай Сибирь павильонын, онан әрі маңдайшасы-

на бес гүліктің бейнесін ойып салған Карело-фин республикасының әсем павильонын көресің. Оған сәл төменіректе екі босағасын түрлі түсті бояумен нақыштап тастаған әдемі үйге Өзбекстан павильоны орналасқан. Өзбек павильонына қарама қарсы аллеяның екінші бетінде, төбесінде неше алуан түсті шыныдан жасалған күмбезі бар Қазақстан павильоны тұр. Оның екі жағында Грузин ССР-ы мен Молдаван ССР-ның павильондары бар.

Туысқан совет халықтарының арасындағы шынайы ынтымақ, берік ұйымшылдық осы көрмеден, әсіресе кең аллеяны бойлай орналасқан ұлт павильондарынан анық көрінеді.

Әрбір ұлт павильоны әрбір халықтың өз жеріндегі байлық пен берекені ішіне мол толтырған бейне бір сарай тәрізді.

Қазақстан павильоны көрмедегі әсем үйлердің бірі деп саналады. Оның алдына колхозшы әйел мен болат құюшының мүсіні қойылған. Павильонның екі жақ босағасына қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл мен ақтарының атасы Шығанақтың қола мүсіні қойылған. Павильонның айналасы Қазақстанның жер-жерінде өсетін алуан өсімдіктер егілген баумен қоршалған. Бұл бауда Алматының апорты мен арқаның шүйгін шөптеріне дейін бар. Сыр мен Нұраның, Ертіс пен Оралдың алқаптарында өсетін неше алуан өсімдіктер де осы баудан өздерінің орындарын алыпты. Даланың қызыл-жасыл гүлдері мен көкорай шөптеріне толы осы бір әсем бау кестелі орамалға ұқсайды. Көрушіні өзіне еріксіз тартып әкетеді. Осы бау, өзі кішкене болса да, батыста Орал тауларынан басталып, шығыста Қытай шекарасына дейін, ал терістікте орыстың бұйра жапырақты орманынан басталып, сонау оңтүстіктегі Қырғыз Алатауына дейін көлбей созылған кең өлкені көз алдына келтіреді. Бұл кішкене бау Азия құрлығының дәл кеудесіне көсіле жатқан қазақтың байтақ жерінің құнарлы қыртысында өспейтін өсімдіктің кемде-кем екенін аңғартады. Бұл бау павильонның бір ғажап мүйісі, сондықтан да көрушілер оған қызыға қарайды да, оны сүйсіне сөз етеді.

Енді павильонның іші қандай? Мұнда да көрушілерді қызықтыратын, сүйсіндіретін нәрселер аз емес. Павильонды аралау орталық залдан басталады. Залда 8 стенд бар, олардағы диаграмма мен фотографиялар қазақ халқының өткендегі ауыр өмірін, қанаушыларға қарсы жүргізген қажырлы күресін, Октябрь революциясынан кейін іргелі ел болып берекеге, молшылық өмірге, мәдениетке қолы жеткенін баяндайды. Дөңгелек залдың қабырғасына жоғары ілінген республика суретшілерінің бедерлі суреттері де қазақ халқының өмірінде болған осы ұлы оқыйғаларды толықтырады. Кешегі қаратүнек патша заманында еңбекші халықты қанаушыларға қарсы күреске шақырған, қазақ халқын орыс халқымен дос болуға үйреткен қазақтың ұлы ағартушыларының да суреттері осы орталық залдың көрнекті жерінен орын алған.

Орталық залдың стендтеріндегі карталар, фотографиялар, диаграммалар Қазақстан-

ның совет дәуірінде индустриалы-колхозды елге айналғанын бейнелейді. Залдың екінші стендінде республика жерінің кен байлығы мол екені көрсетіледі. Қарағанды көмір кенінің, Балқаш мыс заводының, Ақмоладағы «Қазахселмаш» заводының аз уақыт ішінде өндіріс алыбына айналғаны, қазақ жеріне қым-қыйғаш торланған темір жол тораптары баян етіледі бұл қабырғада. Бұл жерде әуе транспортының өркендеп өскені де сөз болады.

Орталық залдың үшінші стенді де көрушінің көзін тартады. Бұл қабырғадан қазақ халқының мәдениетінің қаулап өскенін анық көреміз. Егер бұрын Қазақстанда бірде-бір жоғарғы оқу орны болмаса, қазір 26 жоғары мектеп, 125 техникум жұмыс істейді, онда 90 мыңнан астам студенттер оқыйды. Республикада 8960 мектеп бар, онда бір миллион үш жүз екі мың оқушы білім алады, 67 мың оқытушы жұмыс істейді. Қазақстанда 287 газет, 47 журнал шығады. Патша заманында қазақ халқының 98 проценті сауатсыз болатын, ал қазір республикада оқымайтын жас, хат танымайтын қарт жоқ деуге болады. Осы келтірілген цифрлар қазақ халқының мәдениет майданында ұлы табыстарға ие болғанын анық көрсетпей ме, жас достар!

Төртінші стендтегі диаграммаларға көз жіберейік. Көрушіні бұл да сүйсіндіреді. Мұндағы диаграммаларда республиканың ауыл шарушылығында совет дәуірінде болған ұлы өзгерістер, тыянақты табыстар анық көрсетіледі. Патша заманында жырымдай жерге зар болған бұрынғы қазақ кедейлері колхоз, совхозға бірігіп қазір 80 миллион гектар шұрайлы жерді иеленіп отырғанын баяндайды. Қазақ республикасында 3091 колхоз, 294 совхоз, 474 МТС жұмыс істейді. Осы жылы тың жерлерде 92 астық совхозы ұйымдастырылады. 1956 жылғы астық өнімінің тең жарытысын Қазақстан бермек. Тың және тыңайған жерлерді игерудің келешектегі ұлы жоспары осы стендте кең көрсетілген. Онда ұлы істе Қазақстанға туысқан халықтардың үздіксіз көрсетіп отырған көмегі туралы айтылады. Қазір тың жерлердегі колхоздар мен совхоздарда өзге республикалардан келген ауыл шаруашылығының 8193 маманы істейді. Колхозды ауылдың байлығымен бірге мәдениеті де күн санап өсуде. Республиканың колхоздары мен совхоздарында 1515 клуб, 9845 кітапхана жұмыс істейді. Революциядан бұрын Қазақстанның ауылдық жері тү-



Алматы ауданының «Екінші бесжылдық» колхозы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық көрмесіне кандидат.

Суретте: колхоздың жеміс бригадасы бітік шыққан жидекті жыйнап жүр.

Суретті түсірген П. Редько.

гіл қалаларында да клуб, театр, кітапхана дегендер жоқ еді.

Келесі стенділер Қазақстанда мал шаруашылығының өркендеп өсуін баяндайды. Республиканың барлық колхоздарында мал фермалары ұйымдастырылғанын, малды күтудің, бағудың ғылыми жолға қойылғаны көрсетіледі. Соғыс жылдары Қазақстан ғалымдары малдың жаңа асыл тұқымдарын

шығарды, мал тұқымын жақсарту үшін ғылыми тәжірибелер жүргізді. Олар осында кеңінен көрсетілген. Ғалымдар Әулиеата, Алатау сыяқты сыйырдың, советтік меринос, биязы жүнді қазақ қойының жаңа тұқымдарын шығарған.

Орталық залдың оң жағындағы төрт залдың 19 стендінде республиканың мал өсіру шаруашылығындағы елеулі табыстары көрсетілген. Бұл залдарда жыл санап Қазақстанда мал басының көбеюі диаграммалар арқылы суреттеледі. Республиканың мал шаруашылығындағы жетістіктер Семей облысындағы «Красные горные орлы» колхозының, Павлодар облысындағы Бесқарағай қой совхозының жетістіктері арқылы көрсетілген. 1953 жылы «Красные горные орлы» колхозында 21 мыңнан астам қой болған, колхоз мемлекетке 700 центнер жүн тапсырған, колхоздың ақшалай табысы 4 миллион сомға жеткен. Бөлек бір стендта колхоз шопаны Барлықбаевтың жұмыс тәжірибелері туралы айтылған. Ол 1953 жылы 673 саулықтан 895 қозы алған. Осыған жалғас зал республиканың ірі қара мал өсіру шаруашылығындағы жетістіктерін баяндауға арналған. Залдың биік стенділерінде Талдықорған облысының Панфилов атындағы колхозының, оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданындағы «Победа» колхозының, Жоңғар Алатауындағы Ленин атындағы совхоздың озат малшыларының тәжірибелері көрсетілген. Олардың ішінде әсіресе Жоңғар Алатауындағы Ленин атындағы совхоз малшыларының тәжірибелері ерекше көз тартады. Алғашқы кездерде бұл совхозда сыйырдың жылдық сауымы 900-1000 литрден аспай жүреді. Малшылар зоотехник Шакен Ахметжановтың кеңесі бойынша сыйырларды ғылыми жолмен бағады. Сыйырларды қыста таза, жылы қорада күтеді, жазда азықты мол дайындайды. Сүйтіп, 1953 жылы бұл совхозда әрбір сыйырдың жылдық сауымы орта есеппен 4185 литрге жетеді. Әрине, бұл қажырлы еңбектің жемісі. Ленин атындағы Жоңғар Алатауындағы совхоздың малшыларының тәжірибелерін көрушілерге кең баяндайтын стендтің мал шаруашылығын өркендету үшін пайдасы зор.

Осыдан кейін республиканың жылқы шаруашылығына арналған стенділер басталады. Қабырғадағы диаграммалар Қазақстанда жылқы шаруашылығының елеулі табыстарға жеткенін баяндайды. Соғыс жыл-

дары республикада 203 жылқышы Социалистік Еңбек Ері деген атаққа ие болған. Мұның өзі елімізде жылқы шаруашылығының өркендегендігін айқын дәлелдейді. Стендтерде Қостанай облысындағы Майкөл жылқы заводының, Талдықорған облысындағы мемлекеттік жылқы заводының жылқышыларының тәжірибелері мен қажырлы еңбектері көрсетіледі. Ең соңғы залдың стенділерінде түйе, шошқа, құс шаруашылығы табыстарын баяндайтын диаграммалар, таблицалар ілінген. Бір бұрышта түйенің биязы жүнінен басылған текеметтер мен әшекейлі тұскиіздер тұр. Қазақтың кілем, алашалары да осы залдан орын алыпты. Биязы жүнді қой терісінен жасалған киімдік бұйымдар да осы қабырғаға ілініпті. Республикада ауылшаруашылық ғылымының елеулі табыстарға жеткендігін бейнелейтін неше түрлі таблицалар да осында орналасыпты. Осы зал асыл бұйымдарға, қымбат жиһаздарға толы бейне бір сарайды елестетеді.

Енді орталық залдың сол жақ қанатын аралайық. Залдың төрінде бір қабырғаны тұтас алып алма, жүзім жыйнаған қыздардың бейнелері көзге шалынады. Бедерлі суреттің екі жағына Алматының бау-бақшаларында өсетін барлық жемістердің түрлері қойылған. Қазалының қош иісті қауыны мен теңбіл ала қарбызы да Алматының алмасына жақын орын теуіпті. Ибрай Жақаев пен Қим Ман Сам өсірген ақ күріштің бір-неше баулары қабырға бойына жағалай қойылған. Алтын дәнін көтере алмай қармақтай иілген Қостанайдың қобан бидайы, Ақтөбенің шашақ басты тарысы да кең зал-

да жарасымды орналасып көрушінің көзін өзіне еріксіз тартады. Талдықорғанның қызылшасы да осында. «Мақта Аралдың» жібектей ақ мақтасы үлкен залдың бір стендісін жауып тұр, ол да ерекше көз тартады. Павильонның сол жақ қанатын бүтін алған үлкен залдың ішінде не жоқ десеңізші! Қазақ жері қандай кең болса, онда өсетін дақылдардың саны да сондай көп. Жер шарының әр белдеуінде өсетін түрлі түсті дақылдар осы залдың ішінде бастарын қосқан. Залдың шыға берісінде қазақ ғалымдарының дақылдардың жаңа сорттарын табу жолындағы игілікті жұмыстары көрсетілген, басқа жерлерде өсетін дақылдарды Қазақстанда жерлестіру, онан мол өнім алу жөніндегі тәжірибелері баян етілген. Павильон көрушілерге Қазақстанның өнеркәсібі мен экономикасының, ауыл шаруашылығы мен мәдениетінің қарқындай өсіп, аз уақыттың ішінде ірі табыстарға ие болғанын баяндайды. Павильон залдарының стендтеріндегі қазақ халқының табыстары мен жетістіктерін бейнелейтін сан таблицалар мен диаграммалар совет адамдарын сүйсіндіріп, ел азаматының жүрегін қуанышқа бөлейді. Быйыл Бүкілодақтық Ауылшаруашылық көрмесінде басқа туысқан халықтармен бірге қазақ халқы да өзінің кең байтақ өлке-сінде аз уақыттың ішінде болған ұлы өзгерістерді, республиканың экономикасы мен ауылшаруашылығында қолы жеткен табыстарын ортаға салып, қалың жұртшылыққа көк күмбезді әсем сарайдың есігін кең ашады.

Қ. Нұрмақанов

Москва.

ЖАС ТЕХНИКТЕР

Апрель айының жайма-шуағы. Буденный атындағы колхоздың егіс қосы басынан:

— Тындаңыздар, тындаңыздар! — деген дауыс кенет естілді. Ол осы қос басындағы репродуктордан шықты. Ол «Тындаңыздар» — деп басталған осы тым сүйкімді, мәнерлі дауыс репродукторлар арқылы бүкіл колхозды ауыл үстін шарлап кетті.

— Сөйлеп тұрған Қаскелең балалар үйінің жылжымалы радио торабы. Балалар үйі тәрбиеленушілерінің көркемөнерпаздар үйірмесі егіншілерге арнап концерт береді...

Қаскелең балалар үйі тәрбиеленушілері-

нің өнеріне колхозшылар мен механизаторлар бұрын талай рет сүйсінгенді. Бұл жолы да олар жас таланттарға барынша риза болды. Тіпті қарттар жағы жас өспірімдердің тамылжыта, шырқап салған әрбір әнінен кейін:

— Өркендерің өссін, шырақтарым!

— Көп жасаңдар! Бақыттарың тасысын! — деп әкелік тілектерін үсті-үстіне жаудыртты.

Сол жолы колхоздың егіс қосына апарылған жылжымалы радио торабы аппаратура-сын комсомол мүшелері Горбунов Михаил,

Хегай Андрей, пионерлер Поворов Николай, Сәрсембаев Нұртай, Тонкачиев Наиль, Тараруев Валерилер басқарды. Бұлар нағыз өз ісіне жетік мамандарша жедел қыймылдап, радио торабы аппаратурасынан тұс-тұсқа сым тартты. Әр жерге репродуктор қондырды. Қос басындағылар бұл тәрбиеленушілердің де осы игілікті ісіне қатты сүйсінді. Тіпті олар:

— Өздері нағыз техниктер сыяқты.

— Қолдарынан өнер тамғандар міне осылар ғой,— деп таңданысты.

Қолхозшылардың балалар өнеріне сүйсінуі әбден орынды. Олардың бұл өнері — үлкен және күрделі, болашағы зор, мәнді өнер. Оны жас өнерпаздардың өздері де жақсы сезінетін. Олар өнерге жетіле беруге талпынатын. Өршіл талап көздеген мақсатқа жеткізбей қоймады. «Жас техниктер» үйірмесіне алғаш қатыса бастаған кезде осы тәрбиеленушілердің ешнәрседен де хабары жоқ еді. Тек үйірме сабағына үзбей қатысып, жалықпай оқу, талмай іздену және неғұрлым көп білуге талпыну ғана бұларды осыған жеткізді. Енді міне, Михаил, Андрей, Николай, Нұртай, Наиль, Валеридің қайсысын сынап бақсаң да, олар радиоландыру мен телефондандырудан, сол сыяқты машина моторы мен мотоцикл жүргізу ісінен өздерінің көп түсінігі, терең білімі бар екенін аңғартады.

...Жаз айының маужыраған бір кеші. Балалар үйінің әсем безендірілген кең, жарық, сәулетті клубына көпшілігі мойындарына қызыл галстук байлап, бәрі бірдей біркелкі киінген жарқын жүзді жас өспірімдер жыйналып жатты. Бүгін мұнда тәрбиеленушілердің быйылғы оқу жылын аяқтауға арналған салтанатты жыйналысы, оның соңынан үлкен кеші болмақ. Бірақ осы салтанатқа шақырылғандардың ішінен уақытында келмей жатқандары да бар. Вожатый Демянская жас техниктер құрған телефон жүйесі арқылы өздерінің орталық станциясына телефон соқты.

— Алло, алло!.. Кезекші Елисеева, маған радио торабын қосыңыз... Телефондағы кім? Дробышев?.. Василий Петрович сіздерді күтіп отырмыз. Шәкірттеріңізді ертіп тезірек келіңіз.

Демянская телефон трубкасын тағы да көтерді. Енді ол жыйналысқа әлі келмей жатқан тағы біреуді шақырмақ. Бірақ, станциядан кезекші қыздың аптыға сөйлеген даусы естіледі.

— Вожатый жолдас,— дейді ол әрбір сөзін нық айтып,— мен өзім де хабар берейін деген едім. Бірақ, ол кісіге баратын сым тебіремейді. Білмеймін, не болғанын.

Мұндайда не істеу керек. Бұл қолайсыз жағдайдан кім құтқармақ? Әрине, жас техниктер!... Вожатыйдың ойына түйгені осы болды. Ол дереу клубта жүрген жас техник Николай мен Нұртайды шақырып алды да, станцияға барып бұзылған телефон сымын шұғыл жөндеуді тапсырды. Осыдан кейін бірнеше минут өтпей-ақ бұл да іске қосылды. Сонымен директор Иван Сергеевич салтанатты жыйналысты уақытылы ашты.

Балалар үйінің іші 22 точкалы, шағын телефон станциясы. Ол мұндағы алты пионер отряды жатақханаларын, радио торабын, тігін, ағаш ұсталығы және суретшілер мастерскойларын, директор, оқу бөлімі меңгерушісі және тәрбиешілердің үйлерін, сол сыяқты асхананы, бухгалтерияны, дирекцияны, көмекші шаруашылықты, аурухананы бір-бірімен байланыстырады. Осы телефон жүйесі арқылы балалар үйі территориясындағы әркім-ақ қажетті жерімен сөйлесіп, хабарласа алады. Олар осы шағын ішкі телефон жүйесін 1952 жылы үйірмені басқарушы Дробышев Василий Петровичтің басшылығымен өз қолдарымен жүргізді.

Қаскелең балалар үйіндегі «жас техниктер» үйірмесінің мүшелері соңғы екі жыл ішінде өздерінде телефон жүйесін жүргізді, жылжымалы радио торабын құрды, 30 детекторлы радиоқабылдағыш жасап шығарды. Көрші колхоздарға барып, колхозшылардың үйлері мен егіс қостарын радиоландыруға көмектесті. «Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі туралы» ережеде белгіленген көрсеткіштерге жеткен жас натуралистер мен жас техниктердің де қатысатындығы айтылды. Міне, Қаскелең балалар үйінің жас техниктері быйылғы жылдың бірінші авгусында Москвада ашылатын осы көрмеге қатысуға право алды. Зор аброй, үлкен қуаныш! Көрмеге қатысатындықтарын естігеннен бері жас техниктер: Горбунов Михаил, Хегай Андрей, Поворов Николай, Сәрсембаев Нұртай, Тонкачиев Наиль, Тараруев Валерилер шексіз қуаныш құшағында. Көрмеден көп жаңалықтарға кенеледі. Еліміздің барлық аймағынан келген өздері сыяқты жас техниктердің игі еңбектерімен танысады.

П. Бейсенов

Қаскелең балалар үйі.

Сәулесің жаңа достары

С. Сарғасқиев.



Повестен үзінді

* * *

Шашырап күн шығып келеді. Қызыл арай сәулесін найзаша сермеп, тарамдата жайып, мол нұрын ала келеді. Жел тынған. Соңғы жұлдыздар да ғайып болып, колхоз поселкесі бар көркімен жаңа танды қарсы алды. Жаз бойы қатайып, қабыршықтанып, күрең тартқан тал шыбықтарға дүр етіп қона қалған шымшықтар, бір сыбдыр шықса, тағы да дүр етіп үркіп ұшып жүр.

Таңғы салқын самал бойын тітіренткен Керден аунап түсті де, көрпені бүркене тағы да ұйқыға кетті. Бірақ, көшеден өткен сыйырлардың даусы оятып жіберді. Ұйқысын бұзғанға ренжіп, көзін жұмғанмен, қашқан ұйқы қайта келмеді. Біраз жатып аунақшығанмен болар емес. Тұруға ерінді ол. Оның үстіне ауызғы бөлмеде кішкентай інісі де бақырып, үйді басына көтерді.

— Апа, үнін өшірші! — деп айғайлады да, Керден тағы аунап түсті. Жұмсақ темір төсек ол аунаған сайын сықыр-сықыр етеді.

— Сүт берші, — деп бақырған баланың даусы сөнер емес. Әбден ашуы бетіне шыққан Керден төсектен тұра сала, ауызғы бөлмеге жетіп барды. Шешесі жаңа сауылған сүтті қазанға құйып жатыр екен. Інісі

кішірек тостағанын қолына ұстап шешесінің етегінде оралып жүр.

— Соншама неменеге бақырдың! — деп зекіді Керден.

— Онысы несі, жас балаға айғайлағаны, — деп шешесі жақтырмаған пішін көрсетті. — Елдің сен сыяқты балалары әлдеқашан тұрып, тіршілік жасап жүр. Онан да ана қорадағы алманың қағын үйдің шатырына жайсаңшы.

Керден:

— Біреудің ұйқысы келсе, — деп мінгірлеп төргі бөлмеге кіріп кетті. Енді ол жатудың ыңғайын таба алмады. Гимнастика жасайын деп еді, зауқы сокпады. Дереву киінді де сыртқа шықты.

Көше үсті кыймылда. Атты, арбалы да, жаяулар да арлы-берлі өтіп жатыр. Керден арықтағы суға беті-қолын шала-пұла жуа салды да, көйлегінің етегімен сүртініп, Қайсардікіне тура тартты. Кеше Әлім барлығы демалыс күні бүлдірген теруге бармақ болып келіскен-ді.

Қайсар бұл кезде жеңіл башмағын аяғына іліп аула ішінде жүгіріп жүр еді. «Бір-екі, үш!» деп өзінше команда береді. Майкашең, трусишең тұрғанда, тіпті, нәзік болып көрінді Керденге! «Күш қай жерінде тұр екен осының, шегірткедей болып?»..

— Қайсар! — деп дауыстады ол бірден көре қоймаған соң.

— Е, келіп қалдың ба? — деді Қайсар қуанып. — Отыра тұр... кәзір...

Керден оны асықтыра бастады. Мұның да жөні бар еді. Репродуктор ілінген алаңға келгенде бірге оқыйтын балалардың бірде-бірін көре алмады.

— Қашан да байсалды бола қалатының-ай осы сенің, — деп Керден ұртын томпайтып кейісе де, Қайсар оған мән бермегендей сәл жымыйып күле берді.

— Неге күлесің? — деп Керден онаң сайын терісіне сыймайды. — Енді оларды қалай қуып жетеміз?

— Қайда барар дейсің. Диірменнен ары ұзай қоймаған шығар. Тындашы Керден...

Қайсар бағана басындағы сырт-сырт егіп дыбыс шығарған репродукторға шалқыя қарап тұрып қалды.

— Қазір Москва сөйлейді.

— Түу, естігің келсе үйде де бар ғой,— деп Керден оның жеңінен тартып еді, Қайсар қолын шошайтып, құлағын тікті.

Осы сәтте Кремль курантының қонырауы соғылып, әрқашанда жүрекке ыстық тиетін даусы поселкеге де жетті.

— Москвадан сөйлеп тұрмыз... Ауыл шаруашылығының озаты қарт колхозшы Захар Кузьмич Тарасов жолдас микрофон алдында...

— Керден, мынау біздің Захар Кузьмич емес пе? — деп дауыстап жіберді Қайсар.

— Қойшы, ол қалай сөйлемек?

— Неге сөйлемейді. Энеукүні Москваға маслихатқа кетті демеп пе еді Алеша.

Сәл қарлыққан, бірақ байсалды қоңыр дауыс естілді репродуктордан.

— Я, я... дәп өзі... алақай, Захар Кузьмич Москвадан сөйлеп тұр.

Ойламаған жерден Захар Кузьмичтің сөзін естіген Керден әлгі бір ренішін ұмытып та кетті.

— Охо, біздің Захар Кузьмичті бүкіл Отан, ол — ол ма, бүкіл жер жүзі естіді.

— Әрине, барлық жер естіді,— деп қосты оны Қайсар.

— Е, Әушендер енді қайтер екен. Бәлем, бұрын естімегеніне күйінсін, енді!



Керден көңілі толып, шалқып келеді. Көбіне кезек бермей жалғыз сөйлейді. Бірде жүгіріп ілгері шығып кетіп, озыңқырап барып тоқтайды.

— Тез бассайшы,— деп қояды.

Қайсар да қуанышқа ортақ. Әсіресе, Захар Кузьмичтің Москвада сөйлегені ой тастағанға ұқсайды. Жеңіл қуаныш емес, қатпарлы терең сыры мол, ойға көп нәрсе түсетін қуанышқа бөленген ол. «Басты нәрсе — табандылық. Тәжірибе бір жолға сәтсіз болса, оны қайта жасадық. Шегінбедік. Алға тырмыстық», — деген әлгі бір сөз құлағында сайрайды. «Әрине, дұрыс!» — деп қостайды ішінен.

Қыйсық көшенің тұспалынан өте қыр басына шықты олар. Көшенің етек жағындағы диірменнің дәл қасынан өтетін жолмен жүрген жоқ. Төтемен тартты. Табанда сай жатыр. Гүрілдеп аққан өзен сарыны естіледі. Бүлдіргеннің қалың жері де енді алыс емес. Өзенді бойлай біраз жүрген соң шырмауық тәрізді оралып жатқан қалың бүлдіргенге кездеседі.

Қыр басында тұрғанда табан астында алақандай болып көрінген сай балалар қойнына кіргенде қалтарысы да көп, шытырман болып кетті. Биік жартастар, қалың қамыс, етекке дейін салбырай өскен тобылғы, ырғай, тал шыбықтар... не керек түбі терең, жұмбақ сыры мол, тіптен соқпақ жолдың да бетін бүркеп, «кәне, іздеп тап оларды» деп ерегіскендей, гүрілдеген өзен дауысты естіртпейді. Ұстап алып, қылқып жатқандай. Дауыстасаң болды, әлде қайдан жаңғырығып ағыспен бірге тау қойнауына сүңгіп кеткендей болады.

— Міне, енді бүлдіргеннің қалың жері басталады,— деді бір кезде Қайсар сай табанына дейін құлап жатқан қалың тастардың шетіне келе бере.

— Ал, балалар көрінбейді ғой.

— Көрінбейді,— деді Қайсар да ойланып қалып.— Бәлкім, Аққайнарға кеткен болар?

— Біз де сол жаққа барайық.

— Жо... Саймен жүрсен көп жер. Онан да кел осы арадан-ақ терейік,— деп Қайсар қолындағы ағаш қобдйын жерге қойды.

Бүлдірген қалың екен. Өзеннің жиегінен бастап беткейге дейін созылған. Кей жерде тастың бетін өрмекшінің торындай шырмап алған. Сабағын ақырын ғана көтеріп қалсаң болды, бармақтай-бармақтай кара қоңыр тартқан бүлдіргендер уылжып тұр.

Көп ұзамай-ақ ала келген қобдйлар толды. Ауызды толтыра асап, кеткің келмейді. Әлі де ұзақ жүрер ме еді, бірақ тез кетуге себепші болған қара шұбар жылан. Оны көрген Керден. Бүлдіргендерге қызулана сұқтанып килігіп кеткен еді. Бір кезде, тағы бір сабағын көтере бергенде, тасқа кіріп бара жатқан жыланның бауыры жарқ етіп, көзге түсті.

Дауысының қалай шыққанын, сол арадан қалай қашып кеткенін білмеді ол. Қайсар қасына келгенде бетінің қаны кетіп бозарып, қалш-қалш етіп безілдеп тұрды.

— Кеттім мен. Анда жылан бар... у... й! — деп сөзі бытырап безек-безек етеді.

Қайсардың ішін баса күлгені де демей болмады. Қайтар жолда алға түсіп алып, жүгірумен болды. Алқынып қыр басына шыққанда ғана өзіне келді ол. Мұндай қорқақ болар ма! Қайсар біраз әзілдеп те алды. Жоқ, ыза болған жоқ. «Мұны ешкімге айтпа» дегендей қыйыла қарап еді, Қайсар бірден түсінгендей қолындағы қобдйды беріп:

— Мә, тастап кетіпсің,— деді жәй ғана.

Аңғармапты. Қырғыз Алатауын торлаған қара бұлт жоғары өрлеп жөңкіліп келеді. Күн бетін жұқа бұлт перделеп, өзін көрсетсе де, сәулесін орта жолда тосып қалған секілді.

Қобдй қолына еркін тиген Керден бүлдіргенді уыстап ауызға толтыра шайнап келеді.

— Қандай тәтті,— деді ол жымындап.

Ойында дәнеме жоқ. Тіпті, жаңағы жайды ұмытып кеткендей. Қайсар мырс етті.

— Жүр тезірек,— деп асықтырды ол Керденді.

Жауын көшенің шетіне жете бере құйып жіберді. Бүрісіп қобдйды қолтығына тығып, алды-артына қарамай жүгіріп келе жатқан Керден көше шетіндегі үйдің шатыры астына барып бір-ақ тоқтады. Қарап еді, Қайсар жоқ. «Ол қайда кетті» деп үй қабырғасына тығыла түсіп, келген жаққа көз жүгіртті. Кішірек жарлауыт қабақтан шығып келеді ол. Қолында екі шелек. Ол арада қайнар барын Керден біледі. Үлкен үзіліс кезінде талай рет келіп су ішкен, жағасында ойнаған да. «Шелегі несі?» Сол кезде тағы бір бас көрінді. Қыз бала. Қолында қобдй. Шамасы Қайсар берген болуы керек. «Ә, қыздың суын көтерген екен ғой, көршісі болар. Осы жауында өстіп ерігер ме!»

— Ей, Қайсар!

Қайсар болса қырдан төмен түсіп келе жатып жас баланың су алуға келгенін, жа-

уыннан қашамын деп суын төгіп алып тайып жығылғанын көрді. Шыдай алмады. Тура қайнарға бұрылды. Қыз бала тағы да су аларын, әлде осылайша кете берерін білмей дағдарып тұр екен. Қолындағы кішкентай шелек. «Осы жауында неге келді екен?» Жас шамасы 6-7 лерде.

— Әкел, суынды мен көтерейін,— деді ол келе бере шелекті ұстап.

Қыз сасып қалды. Битаныс баланың жабысқанына таң. Сәл мүдіріп еді, Қайсар шелекті жұлып алды да:

— Ұста ананы. Тез жүр! — деді бұйыра.

Орталық алаңға іргелес бір топ жаңа үйлердің тұсына келгенде:

— Әне, біздің үй,— деді қыз қолын шошайтып:

— Онда, мә! Жығылып қалма,— деді Қайсар шелекті ұсына беріп.

— Сіз жүрмейсіз бе?

Қайсар үндемеді. Кепкіні баса киіп жүгіре бергенде:

— Рахмет, аға! — деген нәзік дауысты құлағы шалды. «Рахмет, аға!» — деді Қайсар іштен қайталап. «Хе?» — деп басын шайқап, жымың етті.

* * *

Алдында «Вожатый» журналы. Столға екі шынтағын тіреп, сызатсыз кең маңдайын алақанымен жаба ұстап газетке үңіледі, ойға қалады. Әбден мұжыла-мұжыла кішірейген қарандашпен кейбір сөздердің астын жәй ғана сызып қояды. Әр сөзде мол мағна бар. Отряд жұмысының қызықты болуы, оны ұйымдастыра білуде екені белгілі. Ол үшін берік ынтымақты коллектив керек. Күн сырғанап өтіп жатыр...

Сәуле өткен күндерді көз алдына әкеледі. Жүзіп өтіп бара жатқанда біркелкі тәрізді. Ой тоқтатып үңілсең бірде ылдый, бірде қыры бар. Ойдым-ойдым. Қуанышы да бар, реніші де бар. Жаңғырып, жаңалана түскендей. Білгені де молығып келе жатқандай. Өткен жылы алғаш вожатый болды. Рас, онда басқа мектепте оқыйтын. Қыйын да болды, үйренді. Сонда да шәлкес Қайратпен тез-ақ ұғынысып еді. Енді Қайсар мінезі ауыр ойлантады Сәулені. Мінезі бір жұмбақ. Қашанда көрсең қабағы ашылмайды. Ішке тартып, еркін сөйлесе алмай келеді Сәуле. Сөздің басталуынан тынуы оңай. Тапсырма берсең басын изейді, бір нәрсені сұрай қалсаң қысқа жауап қатады. Оқуында екілік жоқ.

Дәл осыған жылжып-жылжып келеді де



бөгеледі. Бөгеледі де ойланады, ойланады да жауап таба алмай қыйналады. «Өзіндей Қерден болса жайдары, талпынып тұр. Ал, бұл болса бір беткей,— деп түйеді ойын. Жақсы іске — берік достық керек. Достаса ғой осындай баламен».

Бөлме іші алакөленке тарта бастағанын, ашық форточкадан жел улеп, жаңбыр тамшылары әйнекті сырт-сырт шертіп, айғыздай төмен аға бастағанын Сәуле ой үстінде аңғармады. Ауызғы бөлмеде ойнап жүрген сінлісінің қалай шығып кеткенін де білген жоқ ол.

Сырттан үсті малмандай су-су болып кіріп келген сінлісі — ұзын кірпікті домалақ қара көзі жайнаң қағып қасына келіп тұра қалғанда ғана мойнын бұрды.

Жіңішке қасы мандайына керіліп, таңқала қарады Сәуле.

— Мұның не? Қайда болдың?

Сінлісі жымыңдаған бойы:

— О, мен су әкелдім,— деді басын шұғып-шұғып қойып.

— Су?!

— Я. Суға бардым. Су әкелдім.

Именбей айтты. Сәуленің кейде қатты ашуланатынын да біледі. Бірақ, бұл жолы әлдебір жылы әсер лебімен, тайсалмады. Сәуле қабағын сәл түйіңкіреп, алдына түскен ұзын қалың шашының бір жағын сол қолымен серпіп арқасына тастады да, орнынан тұрды.

— Мұның не енді, Роза? Мамаң үйде жоқта өстемісің? Қарашы, әбден су болға-

ныңды,— деп үстіндегі көк барқыт шолақ пальтосын шешіндіре бастап еді, Роза сытылып шығып есік алдына барды да:

— Өзім шешемін,— деді.

Жүзі қызара бөрітіп, қуанышын асыға білдіргісі келіп тұр.

— Менің суымды бір жақсы бала әкелді. Мен құлап қалдым. Ол тұрғызды,— деді босағада тұрған бойы.

— Ол қандай бала? — деді Сәуле, алғаш бұл хабарға мән бермей.— Тез шешін, суық өтеді.

Роза су киімін шешініп қайта келді де:

— О, ол сондай жақсы бала! — деді масаттана.— Мүмкін сіз білерсіз оны.

— Білмеймін.

— Жо.. сіз білесіз,— деді Роза енді еркелей күліп. Ол орындыққа қайта отырған Сәуленің тізесіне басын қойып шалқия қарап: — Білесіз. Ондай бала тек сіздің отрядта болады.

Розаның ұғымы да осы еді. Жақсы баланың бәрі де Сәуленің отрядында деп білетін.

Сінлісінің бұл сөзі Сәулені ойландырды. «Бәлкім, біздің отрядтан шығар? Кім болды екен? Әлім... Қерден... Сапар...» балалардың бәрі де тізіліп өтті.

— Өзі қандай бала?

— Ол ма, ол жақсы бала. Ол нағыз дос болатын бала.

— Ал, енді түсі қандай?

— Түсі ме, түсі өте жақсы бала.

— Аты кім?

— Аты ма? Атын сұрағаным жоқ.

Роза кенет байсалдана қалып:

— Сіз маған сол баланы таныстырасыз ба, ә? — деді қыйыла қарап.

Жас балаға өзінің кішкентай ғана сүйкімді ісімен мұншама әсер қалдырған. Сол бір баланың кім екенін Сәуле білмеді. Сонда да оның да ішін жылы алау шарпып, сүйсінді. Сол баланың өз отрядында болуын тіледі.

— Жарайды, Роза, мен ол баламен сені таныстырамын.

(Соңы бар.)

Жазушы Сансызбай Сарғасқазев быйыл «Сәуленің жаңа достары» деген повесть жазып баспаға берді.

Біз журналымыздың осы номерінен бастап сол повестен үзінділер жариялаймыз.



Жасыл жалпырақтар

Әңгіме

«Шолпан» колхозына Әйтiм Досымов бұл жолы каналдан қайтарында соқты. Қай колхоздың болмасын инедей жаңалығы оған өз қолымен iстегендей айқын едi. Колхозшылардың күнделiктi өмiрiмен бiте қайнаскан аудандық партия комитетi секретарына «мынаны сiз жоқта былай iстедiк» деп ешбiр адам жаңалық айта алмайтын. Себебi Әйтiм олардың қай-қайсысымен болса да тығыз байланысты.

Сол Әйтiм «Виллисiн» құйындатып, колхозды ауылға кiрiп келгенде, оның назарын жол жағасында жүрген бiр топ пионердiң iс-әрекетi аударды.

— Ә, қарай гөр мыналардың тiрлiгiн! — деп езу тарта күлдi де, шоферына: «байқандың ба» дегендей ым қақты. Бұл көрiнiстi сонадайдан-ақ байқаған шофер басын изеп жауап бердi. Ол ендi кейiнiң қолында кетпенi, кейiнiң кiшкене орағы бар жас балалар қасына жақындағанда Әйтiмнiң «тоқтат» деуiн айтқызбай-ақ, заулап келе жатқан машинаны ақырын сырғытып барып тоқтата қойды...

Пионерлер машинаға онша көңiл аударған жоқ-ты. «Жолаушы бiреу шығар» деп әркiм өз жұмысымен бола берген. Ендi, мiне, қастарына кеп тоқтай қалғанда, «бұл кiм екен» деген ой мен бәрi де қарай қалысты.

— Әйтiм ағай, Әйтiм ағай!..

Әйтiм балалардың әрқайсысының қолын кезек-кезек алып амандасты. Кейбiреуiнiң мұрнынан жай ғана шымшып қап, кейiнiң еркелете арқасынан қағып жатыр.

— Мұнда не iстеп жүрсiңдер?

Пионерлер ендi жамырай сөйлегендерiн қойып, бәрi бiрдей Кәрiмге қарады. Со замат оның артына қатар тұра-тұра қалысты. Кәрiм бiр адым алға шықты да, өзiн әскери адамша ұстап жауап бердi:

— Колхоз бауын, басқа да еккен ағаштарын бiз, пионерлер қамқорлыққа алдық. Арам шөптерiн отасамыз, ағаштардың түбiн босатысамыз. Ағаш егiлген жерлерге мал жайылып кетпеуiн қадағалаймыз. Бүгiн көше бойларына, арық жағалауларына отырғызылған ағаштарды қарауға шықтық...

Әйтiм пионерлермен бiрге жағалауына ағаштар отырғызылған шағын арықты бойлай жүре бастады. Қаламшалап егiлген жас шыбықтардың көрiнiсi бiр түрлi әдемі. Колхоздың стандартпен салынатын болашақ үйлерi маңында мәуелей өскен ағаштар қандай!.. Солқылдақ, жiңiшке шыбықтар жалбыз, қыяқ, сүттігендермен жарыса өсiптi. Әлi салаланып жазыла қоймаған, кiшкене жасыл жапырақтары болар-болмас желге дiр етiп сiлкiнген тәрiздi. Жас ағаштар да бой түзей бастапты. Бiрақ, әрiрек барған

сайын түп-мүбімен қопарылған, не солқылдақ шыбықтары қақ белінен үзіліп кеткен, болмаса аяқ астында тапталып жатқан қаламшалар ара-кідік кездесіп отырды.

Әйтiм тоқтай қалды. Балалардың да назары бiр түп жас қайыңға түсті. Науандап едәуір-ақ өсіп қалған қайың түбімен қопарылып жатыр. Біреу әдейі істегендей. Тарамданған нәзік тамырлары солып, дымқыл топырақтары кеуіп кетіпті. Тура өскен жіңішке шыбығының жұп-жұқа ақ қабығы тобарсып құрай бастаған. «Қап, ертерек ойлансақ қой бұлай болмайтын еді-ау» деп ойлады Кәрім. Сондай ой әрбір пионерге келді...

Жәйімен жүріп, олар талай жерді аралады. Қурап қалған шыбықтар арық жағалауынан көрі колхоздың болашақ үйлері салынатын учаскторде көбірек екен. Кей біреулері ауруға шалдығып сола бастапты. Осының бәрі Әйтiмнің көңілін аудармай қойған жоқ. Жақсы өсіп тұрғандарына қуанса, қараусыздықтан жетілмей, қурап қалған, мал жеп, аяқ асты етіп кеткендерін көріп ренжіді.

— Қамқорлыққа алғандарың жақсы екен. Бірақ кеш ойлағандарыңды мойындайсындар ма? — деді Әйтiм бiр кезде пионерлерге қарап.

— Мойындаймыз, ағай! Бұл жөнінде Дарқан ағайдың бiр сөзі болмағанда тіпті есімізге келмеуі де мүмкін екен, — деп Кәрім жолдастарына жалтақ-жалтақ қарап алды. Олар да Кәрімнің айтқанын мақұлдап, бастарын изеп «ие-ие!» деп жауап берісті.

— Ол не деп еді?

— Ағаш күтуге сендер неге араласпайсындар! — деп еді.

— О, көрдіңдер ме! Өте дұрыс ескерткен.

— Біз содан кейіп ғана бұл істі қолға алдық, — деп Кәрім өздерінің кеш ескерген айыптарын мойындады. Оның сөзінде енді бұдан былай мұндай кемшілікке жол бермейміз деген зор сенім жатты.

Жазы құрғақ, кей кездерде оттай ыстық аңызак желі бар ауыл еді бұл. Көктемнің көк майсасы көпке бармайтын алқап болатын бұл ауылдың өңірі. Енді табиғаттың жомарт, ақ пейілінің нұры тұр... Әйтiмнің көңілінде осындай ой бар. Көз алдына келешек жасыл белең, көрікті ауылдың көрінісі елестейді.

Әйтiм көріп қана қоймай, әңгіме де айта жүріп, бiр кезде ауылдың келешек көркі туралы тағы да тәтті ойларға шомып кетті.

Сол игі тілегінің дәлеліндей болған бiр нәрсе Әйтiмнің көзіне жиі шалына берді. Ол — бағбан Дарқанның елден ерекше көрінген ауласы, оның бауы. Колхоздың жып-жылмағай басқа үйлерінің бiр шетінде тұрған бұл аула кімнің де болса жүрегін жылытқандай. Көкке мойнын созған алуан түрлі ағаштар арасынан Дарқанның үйі болар-болмас қана көрінеді. Аулаға кіріп, бау ішін аралай бастаған адам ғана тек жай дарактар емес, онда талай жемісті ағаштардың бар екеніне көзі жетеді. Неше қыйлы жеміс ағаштар қызықтыра түседі. Немесе самсаған өріктер, алша мен алмұрт, түрлі сортты жүзімдер мен алмалар, көксұлтан мен жиделер, жаңғақ пен долана, әнжірлер салмағымен жас бұтақтарды иіп, төмен қарай сүзіліп тұрғанын көреді. Әйтiмнің назарын аударып, көңілін бөле беретін Дарқан үйінің осы көрінісі... Қазір ол бау ішіне енген жоқ. Секретарьдың алдағы жылдарда осы ауылдың тұтас тұлғасын дәл сол ауланың бүгінгі түрінде көргісі келеді. «Көреміз, көруге әбден болады. Мынау жайқалып өсе бастаған жас жапырақты ағаштар ауыл көркін әлі-ақ өзгертеді» деп сенеді ішінен...

Әйтiм пионерлерге көп-көп ақыл айтып, кетуге бет алды.

— Жолыңыз болсын, ағай! — деп жастар бәрі бiрдей қолдарын созысты.

Созылған жас шыбықтай өсімтал қолдар. Әйтiм сол қолдардың бiрінен соң бiрін алып қоштасты. Өзінің салалы саусақтарының арасында жоқ болып кетіп жатқан жұп-жұмсақ, жұмыр саусақтар Әйтiмге зор әсер қалдырып жатыр. Кіршіксіз таза жандардың қолдарынан жаңа сезім, соны тілек қана емес, нақты нәтижеге ие істер көрінеді. Коммунизмнің жаңа адамдарының бейнесі көрінеді.


— Уәделеріңді ұмытпаймын. Бұдан былай осында келген сайын істеріңнің нәтижесін өз көзіммен көріп отырамын, — деді Әйтiм.

Кәрім барлық пионерлердің атынан ант берді:

— Сөзімізге берікпіз. Пионер сөзі — шын сөз!..

Әйтiм енді бiр сәтте колхоз даласын аралап жүрді... Оның ойынан колхоз балаларының жақсы бастамасы кетпейді. «Сырттан қарағанда тауықтың сары ауыз балапаны сыяқты өңкей шөжелер. Ал, істеп жүргендері Коммунизмнің нағыз белсенді құрылысшыларының ісі» деп жымыйды ол...

Р. Райымқұлов.



Шахмет Құсайынов.

Әлешіттеудің әлемі

(Жалғасы. Басы өткен номерде)

ЕКІНШІ АКТЫ

Мектеп. Аралығын ашпалы тақтаймен бөлген кең бөлме. Бөлменің төргі жағында ауыспалы сахна. Түрмелі шымылдык. Төменгі жағын залға айналдырған. Іргені жиектете жыйнап қойған парталар. Ортада үстін қызыл шұғамен жапқан стол тұр. Стол үстінде қоңырау. Класс жетекшілерінің мәжілісі өткен.

(Назыкен мен Доскен кіреді)

НАЗЫКЕН. Инспектор ағай жұлқынып қайда барады?

ДОСКЕН. Директорға.

НАЗЫКЕН. Немене, сенімен шығыса алмады ма?

ДОСКЕН. Әкесінің беделіне сатылып көріне жақтайды...

НАЗЫКЕН. Дос боп жүріп біздің тілегімізді тыңдамағаның ба?

ДОСКЕН. Мектептен бұзық боп шыққан баланы комсомол қатарында қалдыру принципке жатпайды...

НАЗЫКЕН. Сенің принципшіл бола қалатының-ай...

ДОСКЕН. Шала ойлайсын, Назыкен.

НАЗЫКЕН. Жете ойлағаның осы ма! Тебіндеп мұрт та шыға бастаған осындағы оқушының үлкенісін... шыдаммен күте тұруға болатын еді ғой.

ДОСКЕН. Просто басым қатты...

НАЗЫКЕН. Туыс пен туысты айырсақ, әрине, қатады...

ДОСКЕН. Туыс пен туысты?

НАЗЫКЕН. Інісінің қайғысы Әйкенге батпайды ғой деймісің?

ДОСКЕН. Ал, батсын. Оның достығымызға келтіретін не кедергісі бар?

НАЗЫКЕН. Достың көңіліне де қара.

ДОСКЕН. Біліпсін. Інімді қорғасаң доссын да, қорғамасаң қассын. Өйтіп дос болмайды...

НАЗЫКЕН. Ничего, қорғау сенің қолыңнан келмейді...

ДОСКЕН. (тіксініп) келмейді!?

НАЗЫКЕН. Келмейтіні — жалтақсың.

ДОСКЕН. Мінезімнің тіктеу екені рас... жалтақтық маған жанаспайды, Назыкен...

НАЗЫКЕН. Өзіңді өзің мақтауға ұялсайшы...

ДОСКЕН. Сен үйтіп бұлтыйма... Мараттың әйгілі сотқар екені анық ба, анық...

НАЗЫКЕН. Рас. Марат содырлы бала... оны жазалағанда өгей шешенің қолындағы Әйкенді қорғай отырып жазалауды ойлаған жоқсың... Оқушылықтан студенттік өмірге ауысудың белесі үстінде тұрмыз...

ДОСКЕН. Бізге ілесе алмай қалып қойса не істейсін?

ДОСКЕН. Не айтып тұрсын? Неге қалады?

НАЗЫКЕН. Баласы мектептен қуылып, әкесі жа-

уапқа тартылған семьяның жайы белгілі... катокті Әйкенмен бірге тепсең де байқамағансын?

(сахна жақтағы есіктен Әйкен кіреді)

ӘЙКЕН. Екеуіңдікі не? Біз келгелі қашан? Репетицияны бастамаймыз ба?

НАЗЫКЕН. Бұлар уәдесінде тұра ма? Бастамаймыз да қатынаспаймыз.

ӘЙКЕН. Жай ма, Назыкен? Неге ашуландың?

НАЗЫКЕН. Бұлар Маратты жазаласа, өгей шешен сені жазалайды. Дос болып жүріп сенің жайыңды неге ойламайды...

ӘЙКЕН. Оның рас... Я, әшейінде жазықсыз қуыратын мамама себеп табылды дей бер.

НАЗЫКЕН. Ничего, біз әлі мұнымен талай сөйлесеміз... Жүр кеттік...

ДОСКЕН. Репетицияға қатынаспайсындар ма?

ӘЙКЕН. (кідіріп) Назыкен, сен бара тұршы?

НАЗЫКЕН. Жә, сөзің қор болады.

ӘЙКЕН. Қор болған біздің семьямыз. Сен бара тұршы... (сахнада репетицияға шақырған қоңырау қағылады. Назыкен кетеді. Аз үнсіз) Басқа шара аздай, ақырғы шараға сен де бардың ба?

ДОСКЕН. Көпшілік шығаруға ұйғарғансын мен де бардым...

ӘЙКЕН. Маратты түзетуге біз жәрдем берейік,— деп өтіндім ғой.

ДОСКЕН. Мұғалім атаулының бәрі қарсы. Не деп қалам.

ӘЙКЕН. Парықсыз папамды, мыйсыз мамам жазғырғанда мен үшін жазғыратынын білетін едің ғой... Папамның алдында сені не деп ақтарымды білмеймін...

ДОСКЕН. (терезеден көріп) Маратты қара! Милиционердің қолына түсіп қапты...

ӘЙКЕН. Кінә! Не жайлы түсті екен? Алдынан шық та білші.

ДОСКЕН. Білейін.

ӘЙКЕН. Жеңіл-желпі сотқарлық болса, дирекцияға жібермей өзіміз сөйлесейік. Баршы. (Доскен

кетеді. Әйкен қайда алып барар екен деген оймен терезеден қараумен болады. Қолында мылтық Маратты білегінен жетектеп милиционер, ізін ала Доскен келе жатады)

МАРАТ. (жұлқынып) Қоя бер, бұзық боп не істедім?..

МИЛИЦИОНЕР. Жұлқынба. Осында алып кірейін бе?

ДОСКЕН. Осында алып кіріңіз.

ӘЙКЕН. Қайда жүріп қолға түстің?

МИЛИЦИОНЕР. «Шатырдың төбесінде, қарындас. Бала деген тайсалатын еді... Таныйсындар ма бұл баланы?

ӘЙКЕН. Туған інім.

МИЛИЦИОНЕР. «Жақсы бопты... Постымнан ауысып, жаңа салған үйлердің алдынан өтіп бара жатсам, шатырдың төбесінде біреудің жүргендігі байқалды... Мойнымды созып, мен де тесіле қадалдым... бұ да жасырына білді. Үйді айнала жүгіріп «түс, түс!» десем, «түсейін, аға» дейді де қайтадан жасырынады... «Өлтіремін, түс!» деп қорқыттым... Түсу қайда... шатырдың ернеуінен жорғалап жөнелді... Апырманның жан себілін. Содан кәдімгі тарзан айғайға сап: «Е-е-е-ей!» деп өткеншек тепкізіп, үйге таяу, зәулім қара ағаштың басына бірақ ырғыды... Арқанға өрмелеп әрең дегенде түсірдім. Түсе салысымен жүгіріп ала жөнелді... Ал қу, әбден сартабан боп алған жүйрік неме екен. Осы мектептің қасында жеттім-ау әйтеуір...

ӘЙКЕН. А, онда айыбы жеңіл екен.

МИЛИЦИОНЕР. Қылығы өтіп кетті. Сұрасам фамилиясын да, атын да, оқыйтын мектебін де айтпайды... Кімнің баласы екенін білуге осы мектепке әкелгенім ғой... Сендерге таныс бала болды... фамилиясы кім?

ӘЙКЕН. Фамилиясы — Шынболатов.

МИЛИЦИОНЕР. (аузын ашып ақырып) Шынболатов! Өзіміздің Шапық ағайдың баласы едім де?.. О, соққан...

ДОСКЕН. Несі соққан?

МИЛИЦИОНЕР. Шапық ағайдың баласы екенін білгенімде үйіне апаратын едім...

ДОСКЕН. Милицияға неге алып бармасқа!

МИЛИЦИОНЕР. Шакеннің баласын сүйреп жүру бізге де лайықсыз... қарындас, ініңді қолыңа тапсырдым... Шапық ағай мылтығын отделеңнен кеп алсын. Хош болындар, балалар (кетеді).

МАРАТ. (соңынан) Мылтығымды беріп кет.

ӘЙКЕН. Сорлы-ау, өзінді алып кетпегеніне қуансайшы?

МАРАТ. Қолхат алмай бермеймін. Ол папамның атына жазылған мылтық.

ӘЙКЕН. Қайда барасын. Отыр! Мектептен қуылдың. Комсомолдан шықтың... Әлден мұндайсын. Өсе келе не боласын?

МАРАТ. Не боласын. Бірдемесі болармыз...

ӘЙКЕН. Басың ауған жаққа тартып кетпей үйге бар.

МАРАТ. (басын изеп) Бардық, тәтесі.

ДОСКЕН. (Әйкенге сыбырлап) Ерегістірме. Бері жүр. Сыртынан бақылайық.

ӘЙКЕН. Барамысын?

МАРАТ. Барамын дедім ғой. (Доскен мен Әйкен сахна жақтағы есіктен шығып кетеді. Жүгіре басып Мерхат кіреді)

МЕРХАТ. Құйын қуып келді ме? Қайдан кеп қалдың?

МАРАТ. Қайдан келгенімді сұрама, не боп жатыр?



МЕРХАТ. Инспектор ағай, сені неге шығарды деп қысып жатыр.

МАРАТ. Инспекторды шақырған папам, сен не деп жауап бердің?

МЕРХАТ. Екі ортада саған көмектесем деп мен өтірікші болдым. Осының не? Беттестіре қалса не деп танам.

МАРАТ. Танбағанда, шынықты айтпақпысың?

МЕРХАТ. Ежірейме... Сен суайт болды деп мен де суайт болам ба? Тапқан екенсін арзан ақтаушыны...

МАРАТ. Басың менен қымбат па?

МЕРХАТ. Сендей асқабақша домалатып жүрген басым жоқ.

МАРАТ. Солай ма? Аузыңды ашсаң өкпелеме.

МЕРХАТ. Қымбат басыңды иығыңнан табуың қыйын болады.

МАРАТ. Аумесер! Бұзылғандар осылай көкиді.

МАРАТ. (жұдырығын тұмсығына тақап) Ым, әттең жер тар болмағанда...

МЕРХАТ. Тарт қолыңды!

МАРАТ. А, сен ұстап бергелі тұрсың ғой!

МЕРХАТ. Ой жыңды шойдым... Маған қодыраңдағанша түзелуді ойласаңшы!

МАРАТ. Аһа... олай десең, айғақ болма...

МЕРХАТ. Түзелем деп уәденді беремісін?

МАРАТ. Мектепке қайыра алатын болса көрерміз.

МЕРХАТ. Быйылғы емтиханда құлатпай алып шығуға көмектесейін. Беремісін уәденді?

МАРАТ. Айттым ғой, көрерміз деп.

МЕРХАТ. Ех, түзелсең, жазда өлкетану жорығына да бірге аттанар едік... (еліктіріп) Көктемде көбелек құран да қызық... көк майсаның үстінде қыйсайып жатып кітап оқыған бәрінен де қызық...

Ақ шатырдың алдында, маздай жанған оттың қасында отырып, Павел Қорчагин, Павлик Морозовтарды еске түсіріп, ерлік жорықтар жайында әңгімелесек рухани азық емес пе!

МАРАТ. Өліп қалғандардан не қылған азық... (қасында Әйкен Гүлнапыс келіп екеуінің әңгімесін бөліп жібереді)

ГҮЛНАПЫС. Сен қызды мұнда кім шақырды?

ӘЙКЕН. Репетицияға шақырған еді де, мама...

ГҮЛНАПЫС. Шынболатовтың ұлына жабық есік қызына да жабық.

ӘЙКЕН. Мама, айғайламай жәй айтуға болмай ма?

ГҮЛНАПЫС. Болмайды. Естісін осындағылар...

ӘЙКЕН. Бастауыш кластың сабағына бөгет жасайсың. Ақырын сөйле, мама.

ГҮЛНАПЫС. Жә, шекелері жарылып кетпес. (Маратты көріп) Күнтайым-ау, сені іздемеген жерім жоқ, қайда болдың?

МАРАТ. (жалтарып) Ертеден бері осындамын.

ГҮЛНАПЫС. Мектебіңді сағындың ба, күнтайым?

МАРАТ. Сағынбаған да...

ӘЙКЕН. (өзіне) Соқ өтірікті.

ГҮЛНАПЫС. (даурығып) Әлгі, инспектор мен мұғалімі қайда жүр?

МЕРХАТ. Қазір шақырайын, Гүлнапыс апа. (Мерхат шығуға ыңғайланғанда Анфиса Ивановна кіреді. Анфисадан ығысып кетуді сылтауратып) Аптішу!

ГҮЛНАПЫС. Сау бол.


МЕРХАТ. Аптішу... аптішу... Түшкірігі құрғырдың келе қалғанын.

ГҮЛНАПЫС. Танауыңа шыбын кіріп кетті ме?

МЕРХАТ. (аузын ашып, көзін жұмып), а, а... аптішу!

ГҮЛНАПЫС. Жылысып қайда барасың?

МЕРХАТ. Коридорға барып түшкіріп келейін.



ГҮЛНАПЫС. Сылтауратпа.

МЕРХАТ. Аптішу!.. Контроль сабағында көмек бергенім жоқ...

МАРАТ. Мені жек көретін мұғалімдердің шығарған өтірігі.

ГҮЛНАПЫС. Әкесі өлгенінде естіртеді... Балам оқусыз қалса да, мектебінің қарасын көрмейін.

ӘЙКЕН. (тықыршып) Мама, өткенді несіне қазбалайсың?

ГҮЛНАПЫС. Қараптан-қарап тұрып жазаламасын.

АНФИСА ИВАНОВНА. Алданған біз, алдаған балаңыз екенін күйеуіңіздің алдында дәлелдегемін, Гүлнапыс ханым...

ГҮЛНАПЫС. Бізге келгенде мұғалім атаулының сыйқырланып түсінбей қалатыны белгілі.

АНФИСА ИВАНОВА. Оның себебі, мұғалім атаулыны әбден бездіргенсіз. Мараттың беймазалығынан да сіздің пандығыңыз бізді қажытқан болатын. Әлі де қажытуды ойлайсыз (ізден) Доскен қайда екен? Шақырындар.

МАРАТ. Доскен-ау, Доскен. (сахнаның есігінен шақырып) Бері кел. (Доскен кіреді)

АНФИСА ИВАНОВНА. Комсомол ұйымында қарағанда Марат Шынболатовтың жат қылықтары, жаман оқытыны анықталды ма?

ДОСКЕН. Жаман оқығанын өзі де мойындады...

МАРАТ. (тіксініп) Өтірік, өтірік! Қатеңді мойындасаң, жазан жеңіл болады деп алдап мойындаттыңдар. Рас па, Мерхат?

МЕРХАТ. (өзіне) Жабысқақ ошаған, тыныш тұрса ғой...

АНФИСА ИВАНОВНА. Әйкен шырағым, қосыла тәрбиелейік деп дирекциядан өтіндің... сонда сен не деп жауап бердің?

ӘЙКЕН. Қайыра алуын өтінгенім рас.

ДОСКЕН. Намыс екі жағымызға бірдей, ақ сөйле, Әйкен?

ӘЙКЕН. Бүлінген де, бұзылған да менің інім... оған Мерхаттың көмектескені де рас... Мерхаттың шылауында жүріп оқығаны да рас. Бақылау сабағында шпаргалка жасағаны да рас. Марат қалай бас тартады. Мерхат не деп өтірік куәлік береді? Класс жетекшісі бола тұрып байқамаған бұл Сіздің де кінеңіз, Анфиса Ивановна.



МАРАТ. Бүлдірді-ау мынау қыз. Әттен, үйде бол-
ғанда...

ГҮЛНАПЫС. Біле тұрып сен неге жасырдың?

ӘЙКЕН. Шет жағасын талай айттым... өтірік бол-
са да, тәуір баға алғанына мәз болатынсың, мама.

АНФИСА ИВАНОВНА. Балаңыздың ісіне көзіңіз
жетті ме енді, Гүлнапыс ханум?

ГҮЛНАПЫС. Енді аластауың ғана қалды. Жә...
не тұрыс бар.

МАРАТ. Мама, папамды күтпейміз бе?

ГҮЛНАПЫС. Омалғыр, қайда омалып жүр. Сы-
бағаң сақтаулы екен, қызым. Үйге де бір келерсін...
Өгейдің аты өгей дегені ғой...

АНФИСА ИВАНОВНА. Я, сіз кімге өгей емессіз,
балаға да, бізге де — барлығымызға да өгейсіз...

ГҮЛНАПЫС. Тілеуің кесілсін сен қыздың. Өгей
боп менен не жапа көрдің? (өз деміне өзі будығып,
көгеріп, сазара бастайды).

МАРАТ. Мама, мама... Көгеріп барады... Не істе-
діндер менің мамама?.. Не істедіндер?

ӘЙКЕН. Жаңа көріп пе ең, шыйқылдайтын да
қоятын.

МАРАТ. Мамамды осы халге жеткізген сен қыз.
Мен қазір папама хабарлаймын. (ентіге басып Ша-
пық Шынболатов кіреді)

ШАПЫҚ. Байғұсың, есінен тана құлаған ба?

МАРАТ. Шыда.. алмады, ашу қысып кетті, папа...

ШАПЫҚ. (маңдай терін сүртіп) Көнген бас, не
сұмдығына болса да төзген бас... бақытсыздығымның
айғағы да, Анфиса Ивановна.

АНФИСА ИВАНОВНА. Я, зая кеткен менің еңбе-
гімнің де айғағы.

ШАПЫҚ. Пендеміз ғой, пенделіктен кешіресің де,
шыдайсың да.

АНФИСА ИВАНОВНА. Шыдамның да шегі бар
емес пе?

ШАПЫҚ. Дұрыс айтасыз. Бетінді отты қамшымен
осып өткенде түсетін таңбадай, арыңа түсетін таңба
ғой. Осындай оғаш ақылсыздығын көргенде, жұрт-
тың бетіне қараудан да қаласың. Байқамайсыз, сіз-
дің бетіңізге тура қарай алып тұрмын ба? Сәтсіздік-
тен сәтсіздікке ұшырау маған да ауыр. Балама
абайсыз қараған айыбымды Горононың алдында
мойындадым... Қайыра алуға келісімін берді.

(бұрыштама қойғызған өтінішін Анфисаға ұсынады.)
Дирекцияға жолдаған нұсқауы мінекей. Бұдан бы-
лай не бейнеті болса да сізбен бірге көрейін, Анфи-
са Ивановна.

ӘЙКЕН. } (өтініп) Анфиса Ивановна қайыра

НАЗЫКЕН. } алуға сіз де қарсы болмаңыз.

АНФИСА ИВАНОВНА. Гороно сіздің беделіңізге
қарады ма, әлде аяушылық етті ме? Бір жолға кеші-
ріп балаңызды ақырғы сөгіспен алуды ұйғарған
екен. Бірақ сын сабағы алда. Құламай өтуге жақсы-
лап әзірленіңіз, балаңызды құлатпай алып шығуға
біз де әзірленейік, Шапық Шынболатович! (коридор-
да қоңырау соғылады)

МЕРХАТ. (Маратқа) Естідің ғой... Маған таса-
ланбай сен де әзірлен.

ШЫМЫЛДЫҚ

(Жалғасы бар)

Жорықтағы күзетше

(Саяқатшылар күнделігінен)

Бүгін ауа райы кешегіге қарағанда аздап
салқындау болды... Ауа райының салқын-
дығын пайдаланған жорықшылар баяу ес-
кен самал лепті бетке алып, шағын төбешік-
тің етегімен жүріп келеді. Кенет, аяқ асты-
нан ыта жөнелген бір қоян алдыңғы жақта-
ғы қалың сексеуілге қарай зулады. Отрядтың
ең алдында келе жатқан бағыттаушы қоян-
ның байқаусызда тасыр ете қалған дыбысы-
нан қорыққанынан екі қолын көкке қарай
ербең еткізіп, екі-үш аттам кейін шегініп
кетті.

— Ойпырым-ай! — деді ол жүрегін басып
қатты дауыстап жіберіп. — Туһ! Зөремді
ұшырды ғой.

Сондағылар оның бұл сөзіне ду күлді.

— Ой Жарқын-ай, Жарқын... — деді Шах-
мат шегі қатқанша сақылдап күліп, — өлтір-
дің мені, ... өлтірдің... Өй бастаушым-ай.

— Жалт қарасам, — деп Бахыт та сықы-
лықтап ала жөнелді, — екі қолы төбесінде...
ой шегім-ай!..

Біреулер өте қатты күлгендіктен жөтеліп
қалып әуре боп жатыр.

Сөзге отряд бастығы Әзім араласты.

— Жарқын, — деді ол оған жақындап, —
сен қорқақтың да қорқағысың, білдің бе!

— Мен бе, мен?!

— Ия, дәл сен, нағыз қорқақсың! — деп
Әзім сөзін нықтай түсті бұл кезде, — етік
басындай қояннан қорқып, шалқақнан жы-
ғыла жаздадың. Жақсы пионер...

— Ия ол байқаусызда... — дей беріп еді,
оның сөзін бір жақтан Шахмат бөліп кетті.

— Олег Кошевойды білесін бе өзін?.. Бай-
қаусызда қоян қашпақ түгілі зуылдап оқ
келе жатқанда да қорқып көрген жоқ. Ол
да пионер болған... Ал, сен...

— Панфилов атындағы жорыққа шыққан 2-отрядта осындай өте қорқақ пионер бар,— деді Әзім баяу дауыспен жәбірленген пішінде сөйлеп,— тілші, бермен кел! Осыны журналыңа жазып қой...

... Отряд жорықты жалғастыра түсті. Аяқ басқан сайын пионерлер табиғаттың сыры ашылмаған сансыз жаңалығына жолыққандай әлсін-әлсін аялдаумен болды. Тіпті айдан тақырдың ортасынан табылған қыш көзенің сынықтарына да кідіріп, оған аса бір әуестікпен болжай қарасты. Қолдарымен ұстап, сындырып та көрді. Бұрын бұл жер шөліккеп жатқан қуаң дала екенін де, қырық құлаш шыңырау құдық қазып, мекендеушілер болғанын да ұғынды олар.

— Балалар,— деді бір кезде аға вожатый сондағыларды күтіп алып,— байқайсындар ма, бұлттар тым жиіленіп барады.

Пионерлер бәрі де көкке қарасты. Бұлт тұтасып, күн сәулесін қымтай бастапты. Қарсы жақтан баяу ескен қоңыр салқын да үдей түскен. Ішін тартып ауық-ауық созыла үілдегенде төбе басынан етекке қарай қыйыршық құмдар суырып, қалың жусанды бас шайқатып сілкіндіре суылдатып та қояды. Тұтасқан қою кара бұлт түнере түсіп, жер бетіне қанат жайғандай болады...

— Жаңбыр енді шелектеп құймаса маған келіндер,— деді Шахмат...

— Балалар, шатыр құратын қолайлы жерді тезірек тауып алайық,— деді де аға вожатый пионерлерді биік құмның басына қарай бастай жөнелді. Отряд тобымен биік құмға шыққан соң төмен қарай құлдырап, сонау екі көлдің аралығындағы өзек жағасына біткен шоғырлы бір топ жидеге тіке салды. Жақындап қалғанымен нөсер пионерлерді межелі жерге үлгіртпей-ақ шелектеп төккендей құя бастады...

Балалар жидеге жеткен соң бес-он минут ішінде шатырды құрып та үлгерді. Сонан кейін жаңбырға оншалық малшынбай-ақ ішіне барлығы да жайласып алды...

Жаңбыр басылды. Өршелене соққан жазғы жылы жел өткінші бұлтты ыдыратып, шығысқа қарай ысырып барады. Бұлт сиресімен-ақ жалт етіп күн көзі де көрініп қалды...

Күн кешкіріп қалған соң саяқатшылар осы жерге түнеуді ұйғарды. Бүгінгі жүріс те маршрут бойынша белгіленген шамадан бір километр асып түсіпті.

Балалар жаңбыр шалған киімдерін шешіп, оны кептірудің камына кірісті. Отын



келтірілді. Ас пісіруші де сол манда жүр. Шахмат жерошақ қазып, от жаққалы жатыр. Бірақ, жаңбыр суы өтіп, ылғалданып қалған сіріңке шилері оттыққа қанша үйкелсе де, тұтанбай-ақ қойды. Балалар бұған едәуір дағдарып, бәрі де ойланып қалды.

Жарқын шалбарын сығып жатып, сіріңкенің тұтанбағанын көрген соң, оны ағаш басына іле салып қапшығын ақтара бастады.

— Сенде сіріңке бар ма еді? — деп Шахмат оған жалт бұрылды.— Манадан бері неғып тұрсың? Қой бағып тұрсың ба?

Жарқын оның сұрағына кешігіңкіреп жауап қатты.

— Менде сіріңке жоқ,— деді ол қапшығынан бір қарағай сынығын алып жатып,— маған шот-балғанды берші?

— Шот-балғасы не?

— Шот-балға — шот-балға кәдімгі. Бір жағы шоттың жүзі сыяқты, екінші жағы балға ше?!

— Ә.,— деп Шахмат шатыр ішіне кіріп кетті де, оның сұрағанын әкеп берді.

Жарқын әлгі қарағай сынығын ортасынан қақ жарды да, екеуінің де бір-бір жағын тегістеп жонып, ортасына шыйыршықтап мақта салды. Сонан соң жылдам бір-бірімен үйкей бастады. Балалар лезде-ақ Жарқынның маңына жыйналысып қалды. Бәрі де онан көз алар емес... Сәлден соң күйген мақтаның көңірсіген иісі шықты да, екі қарағайдың арасынан түтін бұрқ етті.

— О., жанды,— деді Жарқынға таяу тұрған Әзім аса бір танданған пішінмен.— Жа-

райсың, Жарқын... Ей, тілші, бермен кел. Жазып қой журналыңа Жарқынның мына еңбегін! Көрдің бе мына отты!?

Түн. Шатыр іші балбыраған тәтті ұйқының құшағында. Кіреп ауыз жақта екі күзетші — Жарқын мен Шахмат от басында отыр. Шахмат сарғыш тартып ұшы ұзынды-қысқалы тарам-тарам болып созылып жанып жатқан отқа ұзақ уақыт көз салады да қалғый бастайды. Көзі кішірейе келіп, бір кезде, саңлаусыз түгел жұмылады. Бірақ, жиде ағашының әлсін-әлсін ұшқын атып, тарс ете түсетін тосын дауысы оны мазалай берді. Дауыс кенет шыққанда ол селк ете қалып, сонан соң көзін ашып ала қояды. Ал Жарқын болса ұйқы мазағына көнер емес, тіпті, сыр бермейді. Сергек отыр...

...Отын таусылды. Кештен бергі жанған оттың қызыл шоғы көз шырымын алғысы келген жандай жыпылықтап көмескілене бастады. Әйтседе бұлардың күзет кезегі де аяқталуға жақындап қалған... Кенет, тасырлаған қатты дауыс естілді. Күзетшілер ұшып тұрып, дыбыс шыққан жаққа қарады. Шахматтың ұйқысы мүлдем ашылып кетті. Жарқынның қолынан ұстап, оның арт жағында тұрып қою қараңғылыққа ұзақ көз жібереді.

Бір топ киік шатырдан едәуір қашық жермен жүгіріп, көл жаққа қарай өтіп кетті. Соның артынша-ақ шатырды жанай, бөлтіріктерін ерткен екі-үш арлан қасқыр да өте берді. Бөлтіріктер жаңа ғана бауырын көтеріп, жүгіруге жарап қалған. Анасының жортуынан қалар емес...

— Қолымды жібер, — деп сыбыр етті Жарқын Шахматтан тартынып, — сен көз алмай қарап тұр. Ай астына таман еңкейіп қарасаң анық көресің.

Өзі шатыр ішіне еніп кетті. Отряд бастығын оятты да, көргенін қысқаша баяндап шықты.

— Бет алысы өзек, — деді ол сөзінің соңында, — соған қамасақ сөзсіз ұстаймыз.

Отряд бастығы вожатыйға хабарлады... Балалар түгел оянып, қолдарына таяқтарын алды да, өзекке қарай лап қойды. Қасқырларды көрісімен-ақ барабанды қағып, қыйқу сала жан-жағынан шықты. Дабыл үнінен есі кеткен қасқырлар өзекті жағалай қашты. Балалар үлгіре алмай қалды, тек, ең соңғы шабандау бір бөлтірікті ғана қоршап, әрең дегенде ұстады.

Бөлтірік қаңсылап, ащы дауысымен ұзақ уақыт маңайды жаңғырықтырды. Пионерлер оны шатырға әкеліп, шығып кетпестей етіп, белінен, мойнынан байлады да, өздері таң атқанша от жағып, соны тамашалап қараумен болды. Ол туралы бірнеше қызық-қызық әңгімелер де қозғалды. Ақырында бөлтірікті зоопаркке өткізуді ұйғарды олар. Тілші болған оқыйғаны от жарығымен бастан-аяқ журналына жазды.

— «Біздің үш күндік жорығымыз өте қызық болды, — деп жазды ол журналдың алғашқы жолына, — күзетші Жарқынның ұйықтамағандығынан бір бөлтірік ұстап алдық...»

— Осыны, — деді Жарқын, тілші журналдағы сөзді оқып болған кезде, — менің кешегі қояннан қорыққанымның дәл астына жазып қойыңдаршы!


— Жарайды, Жарқын, жарайды, — деп аға вожатый оның арқасынан қақты, — Жарқын тілегі орындалсын, балалар.

Шығыстан күн сәулесі қызыларайланып белгі бере бастады. Горн үні де тынық ауаны қақ жарып қалықтай жөнелді. Жорық сапары әдеттегіше жалғаса түсті...

Қ. Бәкіров.



ОҚУШЫЛАРЫМЫЗДЫҢ ТВОРЧЕСТВОСЫ



ТОРДАҒЫ ТҮЛКІ КҮШІГІ

Жапан түзде бес шатыр.
Күн жиекке батқан кез.
Жұмыстан қайтқан көп батыр
Тамақ ішіп жатқан кез.
Құлағын түріп үн тыңдап,
Темір тордан бүрісіп,
Жылан көзі жылтылдап,
Сығалайды бір күшік.
Тапырқаған адамша:
— Устадың дедім қай жерден?
— Болды деп бір тамаша,—
Сөйлеп кетті Шаймерден.
— Трактор шығып тың жерге,
Боразда тұңғыш салғанда,
Енесі қашты бір кезде,
Қарамай күшік қалғанға.
Төрт күшігі томпаңдап,
Інінен ұзап кетпеді.
Дегендей көзі жаутаңдап:
«Өлтіре көрме тек мені»...
Содан бері бұл күшік
Колымда өсіп келеді.
Баяғы інің үстінде
Маржандай бидай өнеді...

М. РАШЕВ.

НҰРАЛЫНЫҢ ҚҰЛАУЫ

Ұшуға биік жер керек...
Барды да қоңыз өрмелеп,
Аяғы тайып шыбықтан
Топ ете түсті жерге кеп.
Жатса да біраз ессіз де,
Тілекке жетпей болмайды,
Қайта түсті ескі ізге.
Құласа тағы,— сол қайғы.
Дәл солай біздің Нұралы
Сынақта быйыл құлады.
Сүріндірсе күзгі сын
Басады-ау қайта ескі ізін.

М. ЖАМАНБАЛИНОВ,

Новосибирь облысы.

ПИОНЕР ҚЫЗ ГҮЛДЕР ЕКТІ

Алма ағашы тұр гүлденіп,
Институт бақшасында.
Күнде көрдім гүлдер егіп,
Пионер қыз жүрді осында.
Сұрағам жоқ аты-жөнін,
Сөзге келіп өзіменен.
Бірақ соның еккен гүлін
Бірге бақтым өз гүліммен.
Өтер жылдар, өсер гүлдер,
Тамашалап көрерміз біз.
Өзі осында баптап жүрер
Еккен гүлін студент қыз.

Ж. ОРЫНБАЕВ.

Семей.



ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС ҰЛАН!

... Қарап қойып қабырғада сағатқа,
«Кешкі тоғыз ұйқыға әлі ерте» — деп.
Отырушы ең әзірленіп сабаққа,
Сонда да сен оянушы ең ертерек.

Ол кездері тым жас едің, өтті айлар,
Туған ұя — мектебінде шынықтың.
Енді міне жас жаныңда отты ой бар,
Достарыңмен өмір сырын бірге ұқтың.

Он жыл өтті. Жоқ бір күнде кемісі,
Аңсап күткен, мақсат етіп жасыңнан.
Аттестатың — еңбегіңнің жемісі,
Жолың болсын, жаңа талап, жас ұлан!

Қ. ДӘРІБАЕВ.

Қызылорда.

КІТАП

Әрқашанда тастамаймын жанымнан,
Кем көрмеймін бірге жүрген досымнан.
Шырын сөзін шығармастан жадымнан,
Құмарланып оқып келем жасымнан.

Жер үстінің не бір сырын кең шолып,
Қуанамын, кейде ренжіп күлемін.
Геройымен әр кітаптың бір болып,
Көңілді бір саяқатта жүремін.

С. САМЕТОВ.



С. Михалков

КІРПІШ ПЕН МҮЗ

(Мысал)

Бір кірпіш мұздың үстінде
Өзенмен ақты-көшті де.
Мұзға кірпіш айтты ақыл:
«Бұлай ақпа, жөнің біл,
Ілбімей екпін қоса түс.
Оңға, кәсе солға ойыс,
Шатынама тым босқа.
Жағаға қарай ығыспа!»
Көктемнің күні қызғанда,
Қалмады тамтық мұздан да.
Өлшеулі сағат соқты да,
Жоқ болды кірпіш, батты да.
Құлдырап төмен кетпеске,
Орынды біл, сақта еске.

Аударған. З. БЕЙСЕМБАЕВ.

ТІГІНШІ МЕН МАЙМЫЛ

Бар еді маймылы бір тігіншінің,
Өмірі тыңдамайтын дос пікірін.
Сынаса біреу оны дұшпан көріп,
Шамданып қалатұғын айтса мінін.
Тігінші қайшыменен тырнағын ап,
Ұмытты да, қайшысын кетті
тастап.

Мақтаншақ әрі даңғой әлгі
маймыл,
Деді де іс етейін адамға ұсап,
Қайшыны жерде жатқан алып
көрді,
Ол дағы маңғазданып қасын
керді.

Содан соң аяғының саусақтарын
Шетінен пыртылдатып турап
берді.

Тігінші келсе үйіне (міне, ғажап!)
Кесілген саусақтардан қан
сорғалап,
Бояған үсті-басын, қызыл жоса.
Кеткендей қараңғыда қасқыр
талап.

Кімде-кім өзім білем десе бәрін,
Маймылдай отап алар
саусақтарын.
С. СЕЙТЕНОВ.



Леон Кручковский

— Жазушы бейбітшілікті қорғау ісінде орасан зор роль атқарады. Оның еңбек құралы — адам санасын қалыптастыратын сөз... Жазушы адамдарды бейбітшілік жолындағы күрескер қатарына қосылуына көмектесу керек, — дейді поляк халқының сүйікті ұлы Леон Кручковский.

Ия, өз халқының аяулы азаматы, патриот жазушы, бейбітшілік жолындағы қажырлы күрескер Леон Кручковский саналы өмірін осы мақсатқа жұмсап келеді. Ол әдебиет майданына да осындай зор жігер-мақсатпен араласты.

Леон Кручковскийдің есімі поляк халқына 30-жылдардың басында-ақ таныс болатын. Бұқара халықтың ортасынан шыққан талантты жазушының сол кездегі шығармалары жаңа бағыт алып прогрессивтік жолмен дамыған польша әдебиетіне қосылған зор мұра болды.

Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар арасында поляк халқы шетелдік басқыншылардың, әсіресе, неміс фашистерінің ауыр қысымына ұшырап, зор жапа шекті. Бұл кезде қолына қалам алған прогрессивтік бағыттағы ақын-жазушылар да шексіз қиындықтар көрді. Осы тұста жазған «Қордиан және хам», «Тотықұстың қанаты» және «Тұзақ» деген романдарында Леон Кручковский Польша еңбекшілерінің тәуелді ауыр тұрмысына қарсылық білдірді, халықты бостандық, тәуелсіздік үшін күреске шақырды. Бұл ызалы үнді, ол неміс фашистерінің тұтқынында болған кезде де айтудан тайынған жоқ.

Л. Кручковский — зор қоғамдық қайраткер. Ол 1945 жылы Народовудің өлкелік Радасына депутат болып сайланды. Ал, 1947 жылдан Польша Сеймінің депутаты.

Жалынды патриот Леон Кручковскийдің творчествосы жоғары бағаланды, ол былтыр халықаралық Сталиндік бейбітшілік сыйлық алды.

А. ЫДЫРЫСОВ.

Жаттыққан

— Алмаш, бұл шынық ба?

— Шыным. Ешбір қоспасы жоқ.

— Алмаш, олай болса екеуіміз бұл ойымызды Мария Филипповнаға білдірейік. Сонда мүмкін біз де дружинадағы спорт секцияларының біріне мүше боламыз.

— Дұрыс, Клавушка, сөйтеік. Бірақ, осы бастан кімнің қай секцияға мүше болатынына келісейік.

Оларды физкультура мұғалімі Мария Филипповна Назарова ықлас қоя тыңдап:

— Тілектерің орынды. Мектептегі жеңіл атлетика секциясы аптасына үш рет жаттығу өткізеді. Келесі дүйсембіден бастап келіңдер, — деді.

Алмаш пен Клава екеуі үнемі сабаққа да, жаттығуға да бірге қатысып жүрді. Сөйтіп күндер, апталар, айлар бірінен соң бірі өтіп жатты...

Астанадағы 12-қыз балалар орта мектебі спорт алаңына оқушылар, мойындарына ал-қызыл талустук таққан пионерлер лық тола жыйналды. Олардың бірі жүгіріп, екінші бірі граната лақтырып, үшінші біреулері қарғып секіріп жүрді.

Мектептің спорт алаңының күн шығыс жағындағы жақын аралыққа (100-200-300 метр қашықтыққа) жүгіру жолына көрушілер мен спортшылар иітіресе жыйналған. Бір тобы қалайша V класс спортшылары тобынан үшінші разряд нормасын орындайтындар шықпас екен десе, біреулері бүгін бұл отрядта жаңа рекорд болар ма екен, — дейді. Ал, төрешілер столының жанында тұрған қызыл шырайлы бір қыз:

— Естіп-көресіңдер бүгін Клава озады, — деп Колесникованың нәтижелі көрсеткішке ие болатындығына зор сенім білдірді. Мұны сол маңайдағылардың бір сыпырасы мақұлдай түскенде, оң жақтағы қызыл көйлекті, жазық маңдай қыз:

— Кімнің озғандығы жарыс біткен соң анықталар. Әзірге алдына ала бал ашпай-ақ қойыңдар, — деді.

Бір уақытта төреші:

— Кезек Алмаш Құспанвалиева мен Клава Колесниковаға берілді, — деп хабарлады.

Дөңгелек жүзді аққұбаша қыз бен талдырмаш сары қыз стартқа келіп қолдарымен жер тірей, тізерлеп тұра қалды. Екеуінің жарысуына команда берілді. Аққұбаша қыз бірден оза шықты. Сол кезеңде көрушілердің:

— «Алмаш, тездет, берілме, жылдам, жылдам!» — деген дауыстары алаңды жаңғыртырды. Сары қыздың старттан зымырай жүгірмегеніне наразы болған Мария Филипповна қасында тұрғандарға:

— Клаваның старттан зымырай шыға алмайтыны мына жарыста да қайтalandы-ау. Міне, ылғый осыдан уақыт ұттырады, — деді.

...Алмаш старттан шыға озған бойы финишке де бұрын жетті. Ол 100 метр қашықтықтан 14,2 секундта келді. Клава болса оған 2 секунд қалып қойды. Сөйтіп, отряд бойынша бірінші орын алу үшін болған сол жарыста 100 метрге жүгіруден Алмаштан ешкім оза алмады. Клава соңғы орындардың біріне ие болды. Өзімен бірге жаттыққан жолдастарынан тым кейін қалғанына қатты ренжіді. Жарыстан соң физкультура мұғаліміне келіп:

— Мария Филипповна, менің фамилиямды тізімнен сызып тастаңыз. Енді жаттығуға келмеймін, — деді.

Клава келешекте дружина жүйіріктерінің бірі болады. Ол табанды ұстамды, жігерлі спортшылар-

Озады

дың қатарына қосылар дейтін Мария Филипповна.

— Клава, әлі де жаттығу керек. Жеңіске жету оңай емес. Ал, жарысқа қатысқан спортшылар озып, бірінші орынға ие бола бермейді. Спортпен шұғылданғаның өзіңе пайдалы. Мұны тәжірибе жүзінде де көріп жүрсің. Сен былтыр секцияға қатыспағанда қандай едің, ал, быйыл қандайсың. Өзіңе-өзің қарашы. Денең шыныға түскен, жүрісің нық,— деп оған спортпен шұғылданғанның пайдасы мол екенін айтты.

Клава ойындарысын айтары айтып алып, соңынан өзіне-өзі «Жаттығуға келмеймін дедім-ау. Бұл қалай?»— дегендей сол қолымен маңдайын сыйпай, басын ұстады. Оның бұл ойын байқаған Назарова:

— Клава, режіме, әлі көп жаттығу керек,— деп тағы да ақылын айтты.

Клава қайтадан жаттығуға үзбей қатысты. Ол ұзындықтан қарғуды да үйрене бастады. Содан бір жылдан кейін қала мектеп оқушыларының спартакиадасында ұзындыққа секіруден нәтижелі табысқа жетті. Ол қала бойынша бірінші орын алды. 4 метр 45 сантиметр ұзындықтан секірді. Бұл 1952 жылы еді.

Клава содан бері бес рет жарысқа қатысты. Соның бәрінде 100 метр қашықтыққа жүгіруден және ұзындыққа секіруден де бірінші орын алды. Сөйтіп Клава Колесникова әрі жүйрік, әрі қарғығыш спортшы атанды.

1953 жыл. Мектеп оқушыларының жазғы каникул кезі. Астана жас жеткіншектерінің жеңіл атлетикадан жарысы өтті. Клава бұрынғыларына қоса бұл жолы 200 метр қашықтықтан да табысқа жетті. Ол сол аралықты 27,1 секунд те жүгіріп өтіп, бүкіл Алматы қаласы бойынша екінші орын алды. Клава сонан соң жеңіл атлетика жөнінен республикалық жарысқа қатысты. Мұнда да нәтижелі табысқа жетіп, республикамыздың мектеп оқушылар командасы құрамына алынды. Клава өткен жылы жазда Киев қаласында Бүкілодақтық жарыста да өнерін көрсетті. Ол үстіміздегі жылдың бастапқы айында (мектеп оқушыларының қысқы каникулі кезінде) Ленинград қаласында болған жас жеткіншектердің жарысына барды. Шеберлігі артып, шынығып, өсіп келе жатқан К. Колесникова жылдамдығын, өз артықшылығын Ленинградта да көрсете алды. Ол нәтижелі табысқа жетті.

Быйылғы жылы VII класты бітірген Клаваның оқуды жақсы оқуына спорт өнері көптеген пайдасын тигізді. Клава спортпен шұғылдана бастасымен-ақ табандылығын, қажырлылығын, жігерлілігін арттыра түсті. Ол спорт өнерінің қызықты түрінің бірі — жеңіл атлетикамен жалғыз өзі ғана шұғылданып қойған жоқ, қатарына кластас жолдастары: Лиля Шаповалова, Галя Бутрова, Ия Ускова және басқаларды қосты.

К. Колесникова — қазір қаладағы «Искра» ерікті спорт қоғамына мүше. Тренер Лидия Ивановна Камынинаның басқаруымен шеберлігін жетілдіру үшін әрі ізденіп, әрі үнемі жаттығу жасайды.

— Кімде-кім үздік спортшы болғысы келсе,— дейді Клава,— үнемі жақсы жаттығу керек. Мен мұны 1951 жылдан бергі тәжірибемнен айтып отырмын. Шынында да солай. Жақсы жаттыққан жарыста озады.

С. Төрбеков.



Изобелла Блюм

Бейбітшілік жолындағы күрескен қажырлы еңбегі үшін Бельгия парламентінің депутаты Изобелла Блюмге былтырғы жылы халықаралық Сталиндік бейбітшілік сыйлығы берілді. Бұл хабарды тек Бельгия халқы ғана емес, бүкіл дүние жүзіндегі адал ниетті адамзат зор қуанышпен қарсы алды. Өйткені, Изобелла Блюм өзінің бүкіл өмірінде адамзаттың игілігі үшін күрескен адам. Ол 1892 жылы Бельгияның Бунаги деген қаласында туған. Изобелла тарих және әдебиет пәндерінің мұғалімі бола тұрып, өз халқының басынан кешірген ауыртпалықтарды өз көзімен көріп, мұң-зарын, қайғысын бірге шекті.

Өз халқының бақыты үшін қажырлы еңбек еткен И. Блюмді халқы 1936 жылы Бельгия парламентінің депутаты етіп сайлайды.

Бейбітшілік үшін күрескен И. Блюм талай қуғынға ұшырады. 1951 жылы сол жүргізген күресі үшін оны Социалистік партиядағы оңшыл басшылар партиядан да шығарды. Бірақ Изобелла Блюм мойымады. Депутаттық қызметін күрес жолында құрал етті.

Ол тек өз Отанында ғана емес, басқа да Копенгаген, Осло, Стокгольм, Берлин, Вена, Дувра қалаларында да сөз сөйлеп, халықтарды бейбітшілік үшін күреске шақырды. Ол мұхиттың арғы шетінде өткізілген бейбітшілік сақтаудың Бүкілканадалық конгресіне де шақырылды. Бірақ, канада өкіметі оған рұқсат етпегендіктен, ол қатыса алмады.

1950 жылы Изобелла Блюм атом қаруын жою үшін Стокгольм үндеуіне қол қойды.

1951 жылы ол Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмысына Қытай халық республикасының өкілдерінің қатысуын, бес ұлы державаның өкілдерінің бас қосып бір келісімге келуін талап етті.

С. ОРДАЛИЕВ.

Бердібек Соқпақбаев

Көкшетау облысының Рузаев ауданына демалысқа барған кезім. Есік алдындағы тактай орынықта республикалық жастар газетінің жаңа номеріне көз жүгіртіп отыр едім.

— Бір сұрақ сұрайын, айтамысыз ба? — деген оң жағынан жіңішке дауыс шықты. Бұрылып қарасам, көрші үйдегі Матвей карттың жуырда ғана Новосибирск қаласынан келген кенже немересі Толя Сергеев күлімсіреп тұр екен. Қолында «Пионерская правда» газеті.

— Айтамысыз ба? — деп қайталап сұрады ол.

— Білсем айтайын.

— Соқпақбаев деген кім? — деді Толя менің іле жауап қайыруымды күткендей кескініме тура қарап:

— Ол жас жазушы, жас ақын, — дедім мен.

— Мына әңгімесі маған өте ұнады. Екі рет оқып шықтым, — деп Толя қолындағы газетін маған ұсына берді.

«Пионерская правда» 14 июль күнгі 4 бетінде жарияланған «Жол» деген әңгімеге көзім түсті. Өзіміздің Бердібек Соқпақбаевтың орыс тілінде Москвадан басылып шыққан жаңа әңгімесі екен.

Толя қарсы бетіміздегі аласа тау өрінен құлап түскен жолға қарап тұрып:

— Бұл жол да Москваға апара ма? — деп қулана сұрады.

— Әрине, апарады...

Новосибирьлік орыс баласының сұрауы бойынша Қазақстандық жас жазушыны таныстыра бастадым. Бердібектің 1924 жылы туғанын, 1949 жылы Алматының Абай атындағы педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітіргенін, студент кезінде-ақ өлең, әңгімелер жаза бастағанын, 1950 жылы балаларға арналған «Бұлақ» атты тұңғыш өлеңдер жыйнағы, 1951 жылы оқушы спортшылар жөнінде жазған «Он алты жасар чемпион» деген



Бердібек Соқпақбаев

повесі басылып шыққанын айттым. Толя Сергеев ықласпен тыңдап отырды.

Бұл — 1953 жылдың июль айында болған еді. Содан бері бір жылдай уақыт өтті. Толя мен оның достарының жасы бір сағат есейді. Олардың талабы мен таңдауы да арта түсті. «Осы біздің қалауымызға лайық Бердібек Соқпақбаев соңғы уақытта не берді?» деген жасөспірімдердің заңды сұрағы туады.

Бердібек Соқпақбаевтың 1953 жылы «Алыстағы ауылда» деген повесі басылып шықты. Автор бұл шығармасында ұлы Отан соғысы жылдарында мектеп оқушыларының колхозға тигізген зор көмегін баяндайды. Балалардың жазғы демалыс кезінде шөп шабуы, олардың ұйымшылдығы мен іскерлігі, достығы мен қайраты повесте шыннайы да жылы суреттеледі. Жас пішеншілер жетекшісі, партизан бала Сережа, озат, сабырлы мінезді Қожас, әдепкіде қыйырқыястығы көрініп қалып отырса да, сонынан достар коллективінің ықпалымен мінінен арылған, ақкөңіл салдырлақ Досан

сыяқты повестегі образдар оқушыларын қуантады, өнеге көрсетеді.

Сол 1953 жылы Б. Соқпақбаев «Бақыт жолы» деген әңгімелер жыйнағын балаларға ұсынды. Быыл жас спортшылар туралы алғашқы повестін негізінен қайта өңдеп жазып, баспаға әзірледі, ондаған әңгіме-очерктер жазды. Осы жылдың ішінде ол семья тәрбиесі туралы балалар үшін жаңа повесть жазбақ.

Оның жазғанынан жазары, бергенінен берері көп. Қазақ балаларының нағыз ұнамды бейнесін жасау борышы жазушы Б. Соқпақбаевтың да алдында тұрған зор міндет. Осы ардақты борышын адал орындауға ол бар талабын, күш-жігерін аямайды. Өйткені ол совет балаларын жақсы көреді, сүйеді.

НЫҒМЕТ ҒАБДУЛЛИН.

Мұқабаның бірінші бетінде Н. Лебедевтің «Қолхозға көмектесу», төртінші бетінде «Мектепке тарту» деген суреттері.

Редколлегия мүшелері: Баранов Қ., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 21/VII 54 г. УГ09411. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 15300. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1120.




Решалы

УАҚЫТҒА




ШЫТЫРМАН.



Мынау шытырманың жолдарымен ортаға өтіп көр. Бір өткен жолға қайта соғуға болмайды. Өткен жолындағы әріпті ретімен жазып отыр. Егер дұрыс өте білсең, Абайдың атакты бір өлеңінің екі жолы құралады.

Құрастырған **Ө. ДОСҚАЛИЕВ.**
Гурьев.

БАУ ІШІНДЕ




Қолхозшы осы қатар тұрған 36 түп ағаш отырғызатын жерге 12 алма ағашын отырғызғысы келді. Бірақ әр қатарына тігінен санағанда да, көлденеңінен санағанда да төрт жөке ағашынан отырғызуы керек. Қолхозшы «ойлап-ойлап таба алмады. Мұны қалай істеу керек?» Балалар, қолхозшыға көмектесіңдер!

Ойлап табушы
Пірімқұлов Тұрмахаммет.

КРОССВОРД

Көлденеңінен оқығанда:

1. Максим Горькийдің романы.
3. Войничтің «Бөгелек» романының бас кейіпкері.
5. Азиядағы көлемді өзендердің бірі.
8. П. Павленконың романы.
11. Европадағы өзен.
12. Жыршы.
13. Қарау адам.
18. Жеміс.
19. Қазақстандағы тау.
20. Арифметикалық төрт амалдың бірі.




Тігінен оқығанда:

1. Транспорт құралы.
2. Сан.
3. Адам есімі.
4. Мемлекеттік белгі.
6. Балықшылар құралы.
7. «Ботакөз» романының бас кейіпкерлерінің бірі.
8. Адам мүшесі.
9. Атмосфералық жауын-шашынның бірі.
10. Мезгіл.
14. Үй мүлкі.
15. Қазақ тіліндегі септіктің бірі.
16. Электрмен шұғылданған физик.
17. Химиялық құбылыс.

Жасаған **С. ШЕКТІБАЕВ.**
Алматы.

ШАХМАТ



Бұл ойында 4 жүрістен соң мат қою керек.

Жіберген **Жалел Мақажанов.**
Ақмола қаласы.

1 ПИОНЕР К
ПР. ДЕНИНА 11
ГОС. ПУБ. БИБ. КЕ
2 1.12 3

БАҒАСЫ 1 сом.

